АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫ

Оқулық

11

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

— жаңа тақырыпты игеру барысында қойылатын оқыту мақсаттары

— өздігінен орындауға арналған тапсырмалар

— теореманың немесе қасиеттің дәлелдеуінің соңы

— өзіндік тексеру сұрақтары

— барлық оқушылардың орындауы міндетті жаттығулар

— орта деңгейдегі жаттығулар

— электронды ресурстарды қолдануға арналған жаттығулар

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар! Сендерге ұсынылып отырған оқулық 10-сыныпта өткен "Алгебра және анализ бастамалары" курсының жалғасы болып табылады.

11-сыныпта сендер алғашқы функция, анықталмаған және анықталған интеграл, қисықсызықты трапеция, n-ші дәрежелі түбір, рационал көрсеткішті дәреже, логарифм, көрсеткіштік және логарифмдік функциялар ұғымдары және осы ұғымдардың қасиеттерімен танысасыңдар. Сонымен қатар, дәрежелік функция, математикалық статистика элементтері бойынша білімдеріңді кеңейтесіңдер.

Иррационал теңдеулерді, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешуді, сонымен қатар, жазық фигуралардың ауданын анықталған интеграл арқылы табуды үйренесіңдер.

Оқулық 6 тараудан, 22 параграфтан тұрады.

Әрбір параграфтың алдында жаңа білімді меңгеруге арналған тірек ұғымдар берілген.

Материалды меңгеру процесіне оқушыларды белсене қатыстыру мақсатында параграфтың ішінде өздігінен орындауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылған.

Параграфтың соңында оқушылардың тақырып бойынша білімдерін тиянақтауға арналған сұрақтар берілген.

Жаттығулар тобы А және В деңгейінен тұрады. А деңгейіндегі тапсырмалар толығымен орындалғаннан кейін В деңгейінің тапсырмалары қарастырылады. Сонымен қатар, 10-11-сыныптардағы алгебра және анализ бастамалары курсын қайталауға арналған жаттығулар ұсынылған.

Өзін-өзі тексеру үшін әрбір тараудың соңында тест тапсырмалары және математикалық сауаттылық бойынша тапсырмалар берілген.

Оқулықтың соңында глоссарий, сондай-ақ, жаттығулардың шешімін тексеру үшін есептердің жауаптары келтірілген.

10-СЫНЫПТАҒЫ АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫ КУРСЫН ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

1. Функцияның графигін салыңдар:

1) $y = 1 - \cos\frac{x}{2}$;
2) $y = 3\sin\left(x - \frac{\pi}{4}\right)$;
3) $y = \cos^2x + \sin^2x + 1$;
4) $y = 2\mathrm{tg}\left(2x + \frac{\pi}{4}\right) - 2$.

2. Функцияның графигін салыңдар:

1) $y = \frac{1 - \sin^2 x}{\cos x}$;
2) $y = \frac{\sqrt{1 - \sin^2 x}}{\cos x}$;
3) $y = 4\mathrm{tg}x \cdot \mathrm{ctg}x - 5$;
4) $y = 3 - \frac{\sin 2x}{2\cos x}$.

3. Функцияның ең кіші оң периодын табыңдар:

1) $2\sin 0{,}25x + \sin\frac{\pi}{2}$;
2) $2\cos\left(\frac{x}{7} - \frac{\pi}{4}\right) + \cos 90^\circ - 2$;
3) $\mathrm{tg}0{,}125x + 4$;
4) $\mathrm{ctg}\left(0{,}5x + \frac{\pi}{4}\right) + 6\sin 180^\circ$.

4. Теңдеуді шешіңдер:

1) $\sin^2x - 10\sin x = 0$;
2) $\sin 3x = \sin x$;
3) $\cos^2x + 0{,}1\cos x = 0$;
4) $\cos 15x = \cos 3x$;
5) $4\cos^2x = \sin x\cos x$;
6) $2\sin^2x = 3\sin x$.

5. Теңдеуді шешіңдер:

1) $\sin x + \sin 2x = 2\cos^2x + \cos x$;
2) $\sin^2x - 0{,}25 = 0$;
3) $\sin^2x - 1{,}5\sin x = -0{,}5$;
4) $\cos^2x - 0{,}5\cos x = 0{,}5$;
5) $\sin^2 2x - \sin 4x = 3\cos^2 2x$;
6) $3\sin^2 3x + \sin 6x - \cos^2 3x = 0$.

6. Теңсіздікті шешіңдер:

1) $\cos\left(x + \frac{\pi}{5}\right) \geqslant \frac{1}{2}$;
2) $\sin\left(-x + \frac{\pi}{6}\right) \leqslant \frac{\sqrt{2}}{2}$;
3) $\mathrm{tg}\left(0{,}5 - \frac{\pi}{3}\right) > \frac{\sqrt{3}}{3}$;
4) $\cos^2\left(x + \frac{\pi}{4}\right) - \sin^2\left(x + \frac{\pi}{4}\right) \leqslant 0$;
5) $\cos\left(3x - \frac{\pi}{3}\right)\sin\left(3x - \frac{\pi}{3}\right) \geqslant 0{,}5$;
6) $\mathrm{ctg}\left(2{,}5x + \frac{\pi}{6}\right) < \frac{1}{\sqrt{3}}$.

7. Функцияның анықталу облысын табыңдар:

1) $y = \arcsin\frac{1}{x} + \sqrt{4 - 3x - x^2}$; 2) $y = \arcsin(x - 3) + \sqrt{x^2 - 2x - 3}$.

8. Егер $f(x) = x^3 - 1$, $g(x) = \sin x$ және $q(x) = \sqrt{x + 1}$ болса, онда мына күрделі функцияларды құрастырыңдар:

1) $f(g(x))$;
2) $f(q(x))$;
3) $q(g(x))$;
4) $g(f(x))$;
5) $f(g(q(x)))$;
6) $g(q(f(x)))$.

9. $y = f(x)$ функциясының туындысын табыңдар:

1) $f(x) = 10 - 10x^7 + 2{,}5x^{10}$; 2) $f(x) = \frac{3x+5}{4-x}$;

3) $f(x) = \sqrt{11x - x^2}$; 4) $f(x) = (2x - x^3)\sqrt{2 - x^2}$;

5) $f(x) = 6\cos^3(4 - 3x)$; 6) $f(x) = \sin(4 - 3x)\operatorname{tg}(4 - 3x)$;

7) $f(x) = \frac{\sin 5x}{1 + 3x}$; 8) $f(x) = \frac{2 - 5x}{\cos 10x}$.

10. $y = f(x)$ функциясы туындысының x_0 нүктесіндегі мәнін табыңдар:

1) $f(x) = 4x^3 - x^4 + 10$, $x_0 = -1$; 2) $f(x) = \frac{3}{x-1}$, $x_0 = 3$;

3) $f(x) = \cos^2 3x + \operatorname{tg} x$, $x_0 = \frac{\pi}{6}$; 4) $f(x) = \sqrt{5x^2 - 4}$, $x_0 = 2\sqrt{2}$.

11. 1) $y = x^3 + x$ функциясы графигіне абсциссасы 2-ге тең болатын нүкте арқылы жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңдар.

2) $y = 3x^3 - 2$ функциясы графигінің қандай нүктесі арқылы жүргізілген жанама абсцисса осіне параллель болады?

3) $y = x^2 - 5x + 4$ функциясы графигіне жүргізілген жанаманың абсцисса осімен құрайтын бұрышының тангенсін табыңдар.

12. 1) Егер $f(x) = x^2 + 3x - 36$ болса, онда $f(x) + f'(x) = 0$ теңдеуін шешіңдер;

2) егер $f(x) = -x^2 - 6x + 6$ болса, онда $f(x) - f'(x) < 0$ теңсіздігін шешіңдер.

13. Функцияның бірсарындылық аралықтарын табыңдар:

1) $f(x) = \frac{x}{x-1}$; 2) $f(x) = \frac{x^2}{x+3}$;

3) $f(x) = \frac{2x}{16 - x^2}$; 4) $f(x) = \frac{x^2 - 1}{x^2 - 9}$;

5) $f(x) = \sqrt{x} \cdot (x + 4)$; 6) $f(x) = \sqrt{x - 1} \cdot (5 - x)$.

14. Функцияның сындық, максимум және минимум нүктелерін табыңдар:

1) $y = 0{,}25x^4 - 0{,}25x + 9$; 2) $y = 5x^4 - \frac{1}{3}x^3 - 11$.

15. Функцияның өсу және кему аралықтарын, экстремумдарын табыңдар:

1) $y = 5x^2 + 3x - 2$; 2) $y = 4x^3 - 3x + 1$;

3) $y = \frac{1}{x^2 + 2}$; 4) $y = \frac{3}{x^2 + x}$.

16. Функцияның кему аралықтарын, максимум және минимум нүктелерін табыңдар:

1) $y = (x - 5)(x + 1)^3 \cdot (x - 2)^4$; 2) $y = (x + 1{,}5) \cdot (x - 1{,}5)^2 \cdot (x - 2)^3$.

17. Функцияны зерттеңдер және графигін салыңдар:

1) $y = 2x^2 - 3x$; 2) $y = x^3 + 6x$; 3) $y = \frac{1}{1 - x^2}$; 4) $y = -\frac{2}{1 + x^2}$.

18. "Жанды геометрия" немесе "GeoGebra" бағдарламасын қолданып функцияның графигін салыңдар:

1) $y = \frac{1 + x}{x}$; 2) $y = \frac{x}{1 + x}$;

3) $y = 5 - 2\sqrt{x + 1}$; 4) $y = 3 + 2\sqrt{x - 1}$.

График бойынша функцияның қасиеттерін атаңдар.

19. "Жанды геометрия" немесе "GeoGebra" бағдарламасын қолданып функцияның графигін салыңдар:

1) $y = -2\cos\left(4x - \frac{\pi}{4}\right) + 3$; 2) $y = -2 + 5\sin\left(2x + \frac{\pi}{6}\right)$;

3) $y = 4 - 2\sin^2\left(3x - \frac{\pi}{3}\right)$.

Практикаға бағытталған тапсырмалар

20. Диаграммада 2019 жылдың 1-20 тамызы аралығында «Спорт жаңалықтары» сайтын қараған адамдар саны берілген (1-сурет). Горизонталь сызық бойымен айдың күндері, вертикаль сызық бойымен адамдар саны көрсетілген.



1-сурет

1) Айдың қай күні «Спорт жаңалықтары» сайты адамдар ең көп қараған?

2) Қанша күн сайтты қараған адамдар саны 600 000-ден кем болды?

3) Сайтқа кірушілер саны 700 000-нан кем болмаған күндер санын табыңдар.

4) Сайтқа кірушілердің ең аз саны сайтқа кірушілердің ең көп санының қанша пайызын құрайтынын табыңдар.



2-сурет

21. Массасы 100 кг болатын қорытпа құрамы 2-суретте берілген.

1) Қорытпадағы мыс пен мырыш қанша килограмды құрайды?

2) Қорытпада қанша килограмм темір бар?

3) Қорытпадағы темірдің құрамы 10% болу үшін осы қорытпаға қанша килограмм темір қосу керек?

4) Егер қорытпадағы темірдің салмағы 10% болса, онда қорытпадағы қалайының пайыздық мөлшері қандай болады?

22. Диаграммада бастапқы салым сомасы мен А және В банктеріндегі жылдық өсімді ескергендегі салым сомасы туралы деректер берілген (3-сурет).



3-сурет

1. А және В банктеріндегі салым сомасының жылдық пайыздық өсімін табыңдар.

2. А және В банктеріндегі жылдық пайыздық өсімдер арасындағы айырмашылықты табыңдар.

23. 4-суретте тұрғын үй кешеніндегі пәтерлер саны көрсетілген.



4-сурет

1) Бір бөлмелі пәтерлер саны жалпы пәтерлер санының қанша пайызын береді:

A) 30%; B) 45%; C) 35%; D) 36%; E) 50%?

2) Бір бөлмелі пәтерлер саны төрт бөлмелі пәтерлер санынан қанша есе артық:

A) 3,5 есе; B) 3,6 есе; C) 4 есе; D) 2,5 есе; E) 4,5 есе?

24. Диаграммада туристердің төрт күнде жүрген жолы туралы мәліметтер көрсетілген (5-сурет). Егер үшінші күні туристердің жүрген жолы төрт күнде жүрген жолдың бестен бір бөлігіне тең болса, онда олар үшінші күні қанша километр жүрген?



5-сурет

A) 15 км; B) 20 км; C) 16 км; D) 15,5 км; E) 17 км.

25. 6-суретте төрт бригаданың жөндеген жолдарының ұзындығы келтірілген. Егер екінші бригаданың жөндеген жолының ұзындығы барлық жөнделген жолдың ұзындығының төрттен біріне тең болса, онда екінші бригада қанша километр жол жөндегенін табыңдар.



6-сурет

A) 60; B) 55; C) 45; D) 50; E) 53.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Функция ұғымы, функцияның шегі, туынды, күрделі функцияның туындысы, туындыны есептеу ережелері, туындының геометриялық және физикалық мағынасы, функциялар туындысының кестесі.

I ТАРАУ АЛҒАШҚЫ ФУНКЦИЯ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЛ

§1. АЛҒАШҚЫ ФУНКЦИЯ ЖӘНЕ АНЫҚТАЛМАҒАН ИНТЕГРАЛ

Сендер алғашқы функция ұғымымен танысасыңдар және функцияның алғашқы функциясын табуды үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Функция, анықталу облысы, тұрақты сан, туынды, функцияның графигі

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР:

1. $f(x) = x^9$ функциясының туындысы $f'(x) = 9x^8$.
2. $f'(x) = 6x^5$ қандай да бір функцияның туындысы болсын. Функцияның туындысы бойынша білімді қолданып, оның $f(x) = x^6$ функциясының туындысы екенін аламыз.

Анықтама. *Кез келген X жиынында өзгеретін x үшін*

$$F'(x) = f(x) \qquad (1)$$

теңдігі орындалса, онда F(x) функциясы осы жиында f(x) функциясының ***алғашқы функциясы*** *деп аталады.*

МЫСАЛ

1. Кез келген $x \in (-\infty; +\infty)$ үшін $F(x) = x^5 - 5x$ функциясы $f(x) = 5x^4 - 5$ функциясының алғашқы функциясы болатынын дәлелдейік.

Дәлелдеу. Алғашқы функцияның анықтамасы бойынша $F(x) = x^5 - 5x$ функциясының туындысын табамыз:

$$F'(x) = (x^5 - 5x)' = (x^5)' - (5x)' = 5x^4 - 5.$$

Демек, кез келген $x \in (-\infty; +\infty)$ үшін $F(x) = x^5 - 5x$ функциясы $f(x) = 5x^4 - 5$ функциясының алғашқы функциясы болады.

МЫСАЛ

2. Кез келген $x \in (0; +\infty)$ үшін $F(x) = \frac{2}{x} + 1$ функциясы $f(x) = -\frac{2}{x^2}$ функциясының алғашқы функциясы болатынын дәлелдейік.

Дәлелдеу. Ол үшін алғашқы функцияның анықтамасы бойынша $F(x) = \frac{2}{x} + 1$ функциясының туындысын табамыз:

$$F'(x) = \left(\frac{2}{x} + 1\right)' = \left(\frac{2}{x}\right)' + 1' = -\frac{2}{x^2}, \text{ мұндағы } x \neq 0.$$

Демек, кез келген $x \in (0; +\infty)$ үшін $F(x) = \frac{2}{x} + 1$ функциясы $f(x) = -\frac{2}{x^2}$ функциясының алғашқы функциясы болады.

МЫСАЛ

3. Барлық нақты сандар жиынында $F(x) = -\frac{3}{x^2}$ функциясы $f(x) = \frac{6}{x^3}$ функциясының алғашқы функциясы болмайтынын дәлелдейік.

Дәлелдеу. Алғашқы функцияның анықтамасы бойынша $F'(x) = f(x)$. Сондықтан $F(x) = -\frac{3}{x^2}$ функциясының туындысын табамыз:

$$F'(x) = \left(-\frac{3}{x^2}\right)' = -3 \cdot (x^{-2})' = 6x^{-3} = \frac{6}{x^3}, \text{ мұндағы } x \neq 0.$$

Демек, барлық нақты сандар жиынында $F(x) = -\frac{3}{x^2}$ функциясы $f(x) = \frac{6}{x^3}$ функциясының алғашқы функциясы болмайды, себебі $x = 0$ нүктесі функциялардың анықталу облысына кірмейді.

Егер $F(x) = -\frac{3}{x^2}$ және $f(x) = \frac{6}{x^3}$ функцияларын $(-\infty; 0)$ немесе $(0; +\infty)$ интервалдарында қарастырсақ, онда $F(x) = -\frac{3}{x^2}$ функциясы $f(x) = \frac{6}{x^3}$ функциясының алғашқы функциясы болады, себебі $F'(x) = f(x)$ теңдігі $(-\infty; 0)$ немесе $(0; +\infty)$ интервалдарының кез келген нүктесінде орындалады.

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР:

Берілген функцияның туындысын табу *дифференциалдау* деп аталатыны белгілі.

Функцияның белгілі туындысы бойынша алғашқы функциясын табу *интегралдау* деп аталады.

Интегралдау амалы дифференциалдау амалына кері амал. Интегралдаудың негізгі мақсаты — интегралданатын функцияның барлық алғашқы функцияларын табу.

Мысалы, $f(x) = x^2$ функциясының алғашқы функциясы ретінде $F(x) = \frac{x^3}{3}$ функциясын ғана емес, $G(x) = \frac{x^3}{3} - 4$, $Q(x) = \frac{x^3}{3} + 0{,}9$, $K(x) = \frac{x^3}{3} - \frac{10}{7}$ және т.с.с. функцияларды алуға болады. Себебі бұл алғашқы функциялардың туындысын табатын болсақ, барлық жағдайда да $f(x) = x^2$ функциясына келеміз. Олай болса, кез келген $f(x)$ функциясы үшін бір алғашқы функция табылса, онда оның шексіз көп алғашқы функциялары бар болады.

Демек, алғашқы функцияның негізгі қасиетін төмендегі теоремамен беруге болады.

Теорема. *Егер $F(x)$ функциясы X аралығында $f(x)$ функциясының алғашқы функцияларының бірі болса, онда бұл функцияның барлық алғашқы функцияларының жиыны*

$$G(x) = F(x) + C \qquad (1)$$

формуласымен табылады.

Мұндағы C — тұрақты сан.

Дәлелдеу. Ол үшін (1)-теңдіктің екі жағынан да туынды алайық: $G'(x) = F'(x) + C'$ немесе $G'(x) = F'(x)$, өйткені тұрақтының туындысы нөлге тең. Теореманың шарты бойынша $F(x)$ функциясы $f(x)$ функциясының алғашқы функциясы болғандықтан алғашқы функцияның анықтамасы бойынша $F'(x) = f(x)$. Онда $G'(x) = f(x)$ теңдігі орындалып, $F(x) + C$ функциясы да $f(x)$ функциясының алғашқы функциясы болады.

(1)-формула алғашқы функцияның жалпы түрін береді.

Сендер алғашқы функцияның геометриялық мағынасын білетін боласыңдар.

$f(x)$ функциясының алғашқы функцияларының жалпы түрін беретін (1)-формуладағы тұрақтыны нөлге тең деп алып, $y = F(x)$ функциясының графигін саламыз. Қалған алғашқы функциялардың айырмашылығы тұрақты C-ның мәніне байланысты болғандықтан, олардың графиктерін $y = F(x)$ функциясының графигін Oy осі бойымен C бірлікке параллель көшіру арқылы аламыз. Демек, *алғашқы функцияның геометриялық мағынасы графиктері өзара параллель қисықтар тобын береді* (7-сурет).



7-сурет

Алғашқы функцияларды табу кестесі:

1-*кесте*

Функция	Алғашқы функцияның жалпы түрі
$f(x) = k$ (k — *тұрақты*)	$F(x) = kx + C$
$f(x) = x^{\alpha}$, $\alpha \in Z$, $\alpha \neq -1$	$F(x) = \frac{x^{\alpha+1}}{\alpha+1} + C$
$f(x) = \frac{1}{\sqrt{x}}$	$F(x) = 2\sqrt{x} + C$
$f(x) = \sin x$	$F(x) = -\cos x + C$
$f(x) = \cos x$	$F(x) = \sin x + C$
$f(x) = \frac{1}{\cos^2 x}$	$F(x) = \operatorname{tg} x + C$
$f(x) = \frac{1}{\sin^2 x}$	$F(x) = -\operatorname{ctg} x + C$

Алғашқы функцияларды табу ережелерін қарастырайық.

1-ереже. *Егер $F(x)$ функциясы $f(x)$ функциясының, ал $P(x)$ функциясы $p(x)$ функциясының алғашқы функциялары болса, онда $F(x) + P(x)$ функциясы $f(x) + p(x)$ функциясының алғашқы функциясы болады.*

Дәлелдеу. Шарт бойынша $F(x)$, $P(x)$ функциялары сәйкесінше $f(x)$, $p(x)$ функцияларының алғашқы функциясы. Олай болса анықтама бойынша $F'(x) = f(x)$ және $P'(x) = p(x)$, ал қосындының туындысын табу ережесін қолдансақ,

$$(F(x) + P(x))' = F'(x) + P'(x) = f(x) + p(x).$$

2-ереже. *Егер $F(x)$ функциясы $f(x)$ функциясының алғашқы функциясы, ал k тұрақты болса, онда $kF(x)$ функциясы $kf(x)$ функциясының алғашқы функциясы болады.*

2-ереженің дәлелдеуін өздерің қарастырыңдар.

3-ереже. *Егер $F(x)$ функциясы $f(x)$ функциясының алғашқы функциясы, ал k және b тұрақтылар болса (мұндағы $k \neq 0$), онда $\frac{1}{k}F(kx + b)$ функциясы $f(kx + b)$ функциясының алғашқы функциясы болады.*

Дәлелдеу. Күрделі функцияның туындысын табу ережесі бойынша $\left(\frac{1}{k}F(kx + b)\right)' = \frac{1}{k}F'(kx + b) \cdot (kx + b)' = \frac{1}{k}F'(kx + b)\,k = f(kx + b)$ аламыз.

МЫСАЛ

4. 1) $f(x) = x^4$; 2) $f(x) = \cos x - 2x^6$; 3) $f(x) = \frac{2}{\sqrt{10 - 3x}} + \frac{5}{\sin^2(6x - 1)}$ функциясы үшін алғашқы функцияның жалпы түрін табайық.

Шешуі. 1) $f(x) = x^4$ функциясының алғашқы функцияларының бірі $\frac{x^5}{5}$. Демек, берілген функция үшін алғашқы функцияның жалпы түрі мынадай болады: $F(x) = \frac{x^5}{5} + C$;

2) $f(x) = \cos x - 2x^6$ функциясының алғашқы функциясын табу үшін 1- және 2-ережелерді және алғашқы функцияларды табу кестесін қолданамыз:

$$F(x) = \sin x - 2 \cdot \frac{x^7}{7} = \sin x - \frac{2x^7}{7} + C;$$

3) $f(x) = \frac{2}{\sqrt{10 - 3x}} + \frac{5}{\sin^2(6x - 1)}$ функциясының алғашқы функциясын табу үшін жоғарыда берілген үш ережені және алғашқы функцияны табудың кестесін қолданамыз:

$$F(x) = 2 \cdot 2\sqrt{10 - 3x} \cdot \left(-\frac{1}{3}\right) + 5(-\mathrm{ctg}(6x - 1)) \cdot \frac{1}{6} = -\frac{4}{3}\sqrt{10 - 3x} - \frac{5}{6}\mathrm{ctg}(6x - 1) + C.$$

Жауабы: 1) $\frac{x^5}{5} + C$; 2) $\sin x - \frac{2x^7}{7} + C$;

3) $-\frac{4}{3}\sqrt{10 - 3x} - \frac{5}{6}\mathrm{ctg}(6x - 1) + C$.

Сендер анықталмаған интеграл ұғымымен танысасыңдар және анықталмаған инегралды табуды үйренесіңдер.

Анықтама. *$f(x)$ функциясының алғашқы функцияларының жалпы түрін, яғни $F(x) + C$ өрнегін осы функцияның* ***анықталмаған интегралы*** *деп атайды.*

Анықталмаған интегралды табу формуласы:

$$\int f(x)\,dx = F(x) + C. \qquad (2)$$

(2)-формуладағы $\int f(x)dx$ — анықталмаған интеграл, $\int$ — интегралдау амалының белгісі, $f(x)$ — интеграл таңбасының ішіндегі функция, $f(x)\,dx$ — интеграл таңбасының ішіндегі өрнек, x — интегралдау айнымалысы.

Анықталмаған интегралды табу кестесі:

2-кесте

$\int x^n\,dx = \frac{x^{n+1}}{n+1} + C$, мұндағы $n \neq -1$	$\int \frac{dx}{\sqrt{x}} = 2\sqrt{x} + C$
$\int \sin x dx = -\cos x + C$	$\int \cos x dx = \sin x + C$
$\int \frac{dx}{\cos^2 x} = \operatorname{tg} x + C$	$\int \frac{dx}{\sin^2 x} = -\operatorname{ctg} x + C$

Сендер анықталмаған интеграл қасиеттерін білесіңдер.

Анықталмаған интегралдың қасиеттері:

1) $\int(f(x) + g(x))\,dx = \int f(x)\,dx + \int g(x)\,dx$;

2) $\int kf(x)\,dx = k\int f(x)dx$, мұндағы k — тұрақты;

3) $\int f(kx + b)dx = \frac{1}{k}F(kx + b) + C$.

МЫСАЛ

5. 1) $\int x^8\,dx$; 2) $\int 8\sin x dx$; 3) $\int(4x^3 - 1)dx$ интегралын табайық.

Шешуі. Анықталмаған интегралдың анықтамасын, қасиеттерін, оны табу кестесін қолданамыз:

1) $\int x^8\,dx = \frac{x^9}{9} + C$;

2) $\int 8\sin x\,dx = 8\int \sin x\,dx = -8\cos x + C$;

3) $\int(4x^3 - 1)\,dx = x^4 - x + C$.

Жауабы: 1) $\frac{x^9}{9} + C$; 2) $-8\cos x + C$; 3) $x^4 - x + C$.

МЫСАЛ

6. $f(x) = 4x - 6x^2$ функциясы үшін графигі $M(2; -4)$ нүктесі арқылы өтетін алғашқы функцияны табайық.

Шешуі. Алдымен берілген функцияның алғашқы функциясының жалпы түрін жазамыз:

$$F(x) = 4\cdot\frac{x^2}{2} - 6\cdot\frac{x^3}{3} + C = 2x^2 - 2x^3 + C, \text{ яғни } F(x) = 2x^2 - 2x^3 + C.$$

Енді берілген нүктенің координаталарын ескеріп C-ның мәнін есептейміз:

$$-4 = 2\cdot 2^2 - 2\cdot 2^3 + C \text{ немесе } C = 4.$$

Сонда $F(x) = 2x^2 - 2x^3 + 4$.

Жауабы: $2x^2 - 2x^3 + 4$.

1. Алғашқы функция ұғымын енгізу үшін қанша функция қарастырылады? Ол функциялар қандай шарттарды қанағаттандыруы керек?
2. Бір функцияның екі алғашқы функциясы бар болса, олардың айырмашылығын қалай анықтауға болады?
3. Алғашқы функцияны табу мен интегралдаудың арасында айырмашылық бар ма?
4. Алғашқы функцияның жалпы түрі мен анықталмаған интеграл ұғымын байланыстыратын формуланы атаңдар.
5. $f(x) = 3(2x - 3) + \cos 2x - 5$ функциясының алғашқы функциясын табу үшін қандай ережелер қолданылады?

Жаттығулар

А

Көрсетілген аралықта $F(x)$ функциясы $f(x)$ функциясының алғашқы функциясы бола ма (**1.1—1.4**):

1.1. 1) $F(x) = 2x^2 + x + 1,$ $\quad f(x) = 4x + 1,\ x \in R;$

2) $F(x) = \frac{1}{2}x^2 + x + 1,$ $\quad f(x) = x + 1,\ x \in R?$

1.2. 1) $F(x) = 3\sin x + \frac{2}{x},$ $\quad f(x) = 3\cos x - \frac{2}{x^2},\ x \in (-\infty;\ 0);$

2) $F(x) = 2\cos x - \frac{3}{x},$ $\quad f(x) = -2\sin x + \frac{3}{x^2},\ x \in (0;\ +\infty).$

1.3. 1) $F(x) = \sqrt{x} + 1,$ $\quad f(x) = \frac{1}{2\sqrt{x}},\ x \in (0;\ +\infty);$

2) $F(x) = 3 - 2\sqrt{x},$ $\quad f(x) = -\frac{1}{\sqrt{x}},\ x \in (0;\ +\infty).$

1.4. 1) $F(x) = 3\mathrm{tg}x,$ $\quad f(x) = \frac{3}{\cos^2 x},\ x \in \left(-\frac{\pi}{2};\ \frac{\pi}{2}\right);$

2) $F(x) = 5\mathrm{ctg}x,$ $\quad f(x) = -\frac{5}{\sin^2 x},\ x \in (0;\ \pi).$

Берілген функциялар үшін алғашқы функциялардың жалпы түрін жазыңдар (**1.5—1.7**):

1.5. 1) $f(x) = 1 - x;$ $\quad$ 2) $f(x) = 2x - 1;$

3) $f(x) = 3x^2 + 2x - 1;$ $\quad$ 4) $f(x) = 2 - 4x - 3x^2.$

1.6. 1) $f(x) = 5x^4 - 3x^2;$ $\quad$ 2) $f(x) = 4x^3 - 6x^5 + 1;$

3) $f(x) = x^{10} + \frac{13}{12}x^{12};$ $\quad$ 4) $f(x) = -x^9 + \frac{15}{14}x^{14}.$

1.7. 1) $f(x) = 3\cos x - 4\sin x;$ $\quad$ 2) $f(x) = 5\sin x + 6\cos x;$

3) $f(x) = \frac{2}{\cos^2 x} + 8x^7;$ $\quad$ 4) $f(x) = \frac{3}{\sin^2 x} - 9x^3.$

Анықталмаған интегралды табыңдар (**1.8-1.9**):

1.8. 1) $\int x^{21}dx$; 2) $\int x^{-15}dx$;

3) $\int \frac{1}{4\sqrt{x}}dx$; 4) $\int \frac{5}{\sin^2 x}dx$.

1.9. 1) $\int(x^4 - x^3 + x^2)dx$; 2) $\int(4x^3 + 5x^4 + 6x^5)dx$;

3) $\int(\cos x - 2)dx$; 4) $\int(3 + \sin x)dx$.

Графигі $M(a;\ b)$ нүктесі арқылы өтетін $f(x)$ функциясының $F(x)$ алғашқы функциясын табыңдар (**1.10-1.11**):

1.10. 1) $f(x) = 1 + \frac{x}{2}$, $M(1;\ 3)$; 2) $f(x) = 2 + 4x$, $M(-1;\ 1)$;

3) $f(x) = \cos\left(x - \frac{\pi}{3}\right)$, $M\left(\frac{\pi}{2};1\right)$; 4) $f(x) = \sin\left(x - \frac{\pi}{4}\right)$, $M\left(\frac{3\pi}{2};2\right)$.

1.11. 1) $f(x) = \frac{2}{\sqrt{2x+1}}$, $M(4;\ 5)$; 2) $f(x) = \frac{1}{\sqrt{1-3x}}$, $M\left(0;\frac{2}{3}\right)$;

3) $f(x) = \frac{3}{\cos^2 x}$, $M\left(\frac{\pi}{4};2\right)$; 4) $f(x) = \frac{2}{\sin^2 x}$, $M\left(\frac{\pi}{4};3\right)$.

1.12. Түзусызықты қозғалатын нүктенің жылдамдығы $v(t) = t + 3t^2$ заңдылығымен өзгереді (уақыт с-пен, жылдамдық м/с-пен өлшенеді). Нүкте координатасы өзгерісінің уақытқа тәуелділігін табыңдар.

1.13. Түзусызықты қозғалатын нүктенің жылдамдығы $v(t) = 2t + 6t^2$ заңдылығымен өзгереді (уақыт с-пен, жылдамдық м/с-пен өлшенеді). Нүкте координатасы өзгерісінің уақытқа тәуелділігін табыңдар.

B

Берілген аралықта $F(x)$ функциясы $f(x)$ функциясының алғашқы функциясы бола ма (**1.14—1.16**):

1.14. 1) $F(x) = x\sin x$, $f(x) = \sin x + x\cos x$, $x \in R$;

2) $F(x) = x\cos x$, $f(x) = \cos x - x\sin x$, $x \in R$;

3) $F(x) = 2\sin 6x$, $f(x) = 12\cos 6x$, $x \in R$;

4) $F(x) = -5\cos\frac{x}{5}$, $f(x) = \sin\frac{x}{5}$, $x \in R$;

5) $F(x) = 2\cos 2x - \sin 4x$, $f(x) = -4(\sin 2x + \cos 4x)$, $x \in R$;

6) $F(x) = \frac{1}{3}\sin 3x + \frac{1}{4}\cos 8x$, $f(x) = \cos 3x - 2\sin 8x$, $x \in R$?

1.15. 1) $F(x) = \frac{3}{x^2} + 2x$, $f(x) = 2 - \frac{6}{x^3}$, $x \in (0; +\infty)$;

2) $F(x) = 3x - \frac{2}{x^3}$, $f(x) = 3 + \frac{6}{x^4}$, $x \in (0; +\infty)$.

1.16. 1) $F(x) = \sqrt{4x - 5}$, $f(x) = \frac{2}{\sqrt{4x-5}}$, $x \in \left(\frac{5}{4}; +\infty\right)$;

2) $F(x) = \sqrt{5 - 4x}$, $f(x) = -\frac{2}{\sqrt{5-4x}}$, $x \in \left(-\infty; \frac{5}{4}\right)$.

Анықталмаған интегралды табыңдар (**1.17—1.18**):

1.17. 1) $\int\left(0{,}75x^2 + \frac{x^9}{9}\right)dx$; 2) $\int\left(\frac{x^{-7}}{6} - 1{,}25x^4\right)dx$;

3) $\int\left(\frac{10}{\sqrt{5+2x}} - 3x^{-11}\right)dx$; 4) $\int\left(15x^{24} - \frac{28}{\sqrt{6-7x}}\right)dx$.

1.18. 1) $\int 18 \sin 6x\, dx$; 2) $\int 27 \cos 9x\, dx$;

3) $\int \frac{15}{\cos^2 10x}\, dx$; 4) $\int \frac{20}{\sin^2 2{,}5x}\, dx$.

$y = f(x)$ функциясы үшін алғашқы функцияның жалпы түрін табыңдар (**1.19—1.23**):

1.19. 1) $f(x) = (2x + 3)^3$; 2) $f(x) = (3x - 2)^8$;

3) $f(x) = \sin(3x - 4)$; 4) $f(x) = \cos\left(2x + \frac{\pi}{3}\right)$.

1.20. 1) $f(x) = \frac{1}{\cos^2\left(\frac{\pi}{3} + 2x\right)}$; 2) $f(x) = \frac{1}{\sin^2\left(3x - \frac{\pi}{8}\right)}$;

3) $f(x) = 1 - \frac{5}{\sin^2\left(\frac{x}{5} + \frac{\pi}{6}\right)}$; 4) $f(x) = 1 + \frac{6}{\cos^2\left(\frac{x}{6} - \frac{\pi}{5}\right)}$.

1.21. 1) $f(x) = \frac{1}{\sqrt{x+2}} + \sin\left(3 - \frac{x}{4}\right)$; 2) $f(x) = \frac{1}{2\sqrt{x-5}} + \cos\left(2 + \frac{x}{3}\right)$;

3) $f(x) = \frac{3}{2\sqrt{3-4x}} + \frac{1}{(x+2)^3}$; 4) $f(x) = \frac{4}{5\sqrt{2+3x}} - \frac{1}{(2-x)^4}$.

1.22. 1) $f(x) = \cos^2\frac{x}{3} - \sin^2\frac{x}{3}$; 2) $f(x) = \sin\frac{x}{4} \cdot \cos\frac{x}{4}$;

3) $f(x) = \mathrm{tg}\frac{x}{8} \cdot \mathrm{ctg}\frac{x}{8} + x^2$; 4) $f(x) = 1 - 2\sin^2\frac{x}{6}$.

1.23. 1) $f(x) = \cos^2 x$;

2) $f(x) = \sin^2 x$;

3) $f(x) = \cos\frac{x}{4} \sin\frac{\pi}{9} - \sin\frac{x}{4} \cos\frac{\pi}{9}$;

4) $f(x) = \sin\frac{x}{5} \cdot \sin\frac{\pi}{10} - \cos\frac{x}{5} \cdot \cos\frac{\pi}{10}$.

$y = f(x)$ функциясы үшін $F(a) = b$ шартын қанағаттандыратын алғашқы функцияны табыңдар (**1.24-1.25**):

1.24. 1) $f(x) = \dfrac{2}{(2x+5)^2}$, $\quad F(-2) = \dfrac{1}{2}$;

2) $f(x) = \dfrac{1}{\left(\dfrac{x}{2}+3\right)^3}$, $\quad F(-4) = 3$.

1.25. 1) $f(x) = \dfrac{1}{\cos^2\left(2x - \dfrac{\pi}{4}\right)}$, $\quad F\left(\dfrac{\pi}{4}\right) = 1$;

2) $f(x) = \dfrac{1}{\sin^2\left(3x - \dfrac{\pi}{6}\right)}$, $\quad F\left(\dfrac{\pi}{6}\right) = \dfrac{8\sqrt{3}}{9}$.

1.26. Түзусызықты қозғалыстағы нүктенің үдеуі $a = 2t$ (уақыт с-пен, үдеу м/с^2-пен өлшенеді) заңдылығымен өзгереді. Егер:

1) 1 с уақыт өткеннен кейін қозғалыстағы нүктенің жүрген жолы 10 м және оның жылдамдығы 4 м/с болса;

2) 2 с уақыт өткеннен кейінгі жылдамдығы 6 м/с, ал 3 с-тан кейін жүрген жолы 40 м-ге тең болса, онда дененің қозғалыс заңдылығы қалай өрнектеледі?

ҒАЛЫМ-МАТЕМАТИКТЕР ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАМА ДАЙЫНДАҢДАР

1.27. $\int$ белгісін Готфрид Вильгельм Лейбниц, «интеграл» терминін Иоганн Бернулли ұсынған. "Интеграл" термині алғашқы рет Якоб Бернулли еңбектерінде кездеседі.

Я. Бернулли
(1655—1705)

Г.В Лейбниц
(1646—1716)

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Функция және оның графигі, функцияның үзіліссіздігі және шегі, туынды, алғашқы функция және оның негізгі қасиеті, алғашқы функцияны есептеу ережелері, алғашқы функцияны табу кестесі.

§ 2. ҚИСЫҚСЫЗЫҚТЫ ТРАПЕЦИЯНЫҢ АУДАНЫ

Сендер қисықсызықты трапеция ұғымымен танысасыңдар.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Функция, алғашқы функция, анықталмаған интеграл, интеграл астындағы функция, трапеция, аудан, координаталық жазықтық

Геометрия курсынан көпбұрыштардың ауданын есептеу формуласын білесіңдер. Дегенмен математикада белгілі геометриялық формулалар арқылы ауданын есептеуге келмейтін жазық фигуралар кездеседі. Осындай жазық фигуралардың ауданын табу жолын қарастырайық.

Анықтама. *Жоғарыдан үзіліссіз, теріс емес $y = f(x)$ функциясының графигімен, ал төменгі жағынан Ox осінің $[a; b]$ кесіндісімен, бүйір жақтарынан $x = a$, $x = b$ түзулерінің кесінділерімен шектелген жазық фигураны* ***қисықсызықты трапеция*** *деп атайды.*

Мұндағы $[a; b]$ кесіндісі — қисықсызықты трапецияның табаны.



8-сурет



9-сурет

8-суретте $ABCD$ қисықсызықты трапеция берілген.

Сендер қисықсызықты трапецияның ауданын табу формуласымен танысасыңдар.

Қисықсызықты трапецияның ауданын $y = f(x)$ функциясының алғашқы функциясы $F(x)$ арқылы есептеуге болатынын көрсетейік. Ол үшін қисықсызықты трапецияның ауданын S деп белгілейік.

Егер $[a; b]$ кесіндісіне тиісті кез келген x нүктесін алып, осы нүктеден $y = f(x)$ функциясының графигімен қиылысқанға дейін Oy осіне параллель түзу жүргізсек, онда табаны $[a; x]$ кесіндісі болатын қисықсызықты трапеция шығады (9-сурет). Осы қисықсызықты трапеция ауданын $S(x)$ функциясы деп қарастыруға болады. Себебі аудан айнымалы x нүктесіне тәуелді. Егер $x = a$ болса, онда $S(a) = 0$, ал $x = b$ болса, онда $S(b) = S$ шығады.



10-сурет

Сонымен, $[a; b]$ кесіндісіне тиісті x айнымалысы үшін $S(x)$ функциясы $y = f(x)$ функциясының алғашқы функциясы болатынын, яғни $[a; b]$ кесіндісінде $S'(x) = f(x)$ теңдігі орындалатынын дәлелдейік.

Дәлелдеу үшін $[a; b]$ кесіндісінен тағы бір $x + h > 0$ болатын ішкі нүкте алып, осы нүктеден $y = f(x)$ функциясының графигімен қиылысқанға дейін Oy осіне параллель түзу жүргіземіз (10-сурет).

Сонда аудандары $S(x)$ және $S(x + h)$-қа тең екі қисықсызықты трапецияларды аламыз. Ал $S(x + h) - S(x)$ айырымы табаны $[x; x + h]$ кесіндісі болатын қисықсызықты трапецияның ауданын береді. h-тың аз мәнінде қисықсызықты трапецияның ауданын табаны $[x; x + h]$ кесіндісі және биіктігі $f(x)$ болатын тіктөртбұрыштың ауданымен алмастыруға болады: $S(x + h) - S(x) \approx f(x) \cdot h$. Бұдан $\frac{S(x+h) - S(x)}{h} \approx f(x)$ өрнегі шығады. Соңғы өрнектен $h \to 0$ ұмтылғандағы шекке көшсек,

$$\frac{S(x+h) - S(x)}{h} \to f(x).$$

Туындының жалпы анықтамасы бойынша $\frac{S(x+h) - S(x)}{h} \to S'(x)$, яғни $S'(x) = f(x)$. Демек,

$$F(x) = S(x) + C. \qquad (1)$$

(1)-теңдіктен $x = a$ болса, онда $F(a) = S(a) + C = C$ шығады, өйткені $S(a) = 0$. Ал $x = b$ болса, онда $F(b) = S(b) + C = S + F(a)$ немесе

$$F(b) = S + F(a), \qquad (2)$$

өйткені $S(b) = S$, $F(a) = C$. Онда (2)-теңдіктен $S = F(b) - F(a)$ теңдігін алуға болады.

Сонымен, қисықсызықты трапецияның ауданын

$$S = F(b) - F(a) \qquad (3)$$

формуласы бойынша есептеуге болады, мұндағы $F(x)$ функциясы $y = f(x)$ функциясының алғашқы функциясы.

АЛГОРИТМ Қисықсызықты трапецияның ауданын есептеу алгоритмі:
1) берілген қисықты координаталық жазықтыққа салу;
2) фигураны Ox осі бойымен шектеген кесіндінің ұштары болатын a және b-ның мәндерін табу;
3) $f(x)$ функциясының алғашқы функциясын табу;
4) (3)-формуланы қолданып қисықсызықты трапецияның ауданын есептеу.

Енді алгоритмді қолдану арқылы қисықсызықты трапецияның ауданын есептеуге мысалдар қарастырайық.

МЫСАЛ

1. $y = x^2$, $y = 0$, $x = 1$, $x = 4$ қисықтарымен шектелген қисықсызықты трапецияның ауданын табайық.

Шешуі. Алдымен берілген қисықтарды бір координаталық жазықтыққа салайық. $y = x^2$ функциясының графигі төбесі (0; 0) нүктесі болатын, тармақтары жоғары бағытталған парабола; $y = 0$ түзуі Ox осін береді, ал $x = 1$ және $x = 4$ түзулері сәйкесінше (1; 0) және (4; 0) нүктелері арқылы өтетін Oy осіне параллель түзулер (11-сурет).



11-сурет

Алынған $ABCD$ қисықсызықты трапециясындағы $f(x) = x^2$, $a = 1$, $b = 4$. Онда $F(x) = \frac{x^3}{3}$. Демек, (3)-формула бойынша

$$S_{\text{қ. тр.}} = F(4) - F(1) = \frac{4^3}{3} - \frac{1^3}{3} = \frac{64}{3} - \frac{1}{3} = 21.$$

Жауабы: 21 кв. бірл.

МЫСАЛ

2. $y = x^3 + 1$, $y = 0$, $x = 2$ қисықтарымен шектелген қисықсызықты трапецияның ауданын есептейік.

Шешуі. Берілген функциялардың графигін координаталық жазықтыққа салайық. $y = x^3 + 1$ функциясының графигі (0; 1) нүктесі арқылы өтетін кубтық парабола, $x = 2$ түзуі (2; 0) нүктесі арқылы өтетін Oy осіне параллель түзу, ал $y = 0$ түзуі Ox осін береді (12-сурет). Суретте ABC қисықсызықты трапециясында $f(x) = x^3 + 1$, ал $b = 2$. Енді a-ның мәнін табу үшін $y = x^3 + 1$ және $y = 0$ қисықтарының қиылысу нүктесін есептейміз, яғни $x^3 + 1 = 0$ теңдеуін шешеміз. Сонда $a = -1$, ал $F(x) = \frac{x^4}{4} + x$. Демек, (3)-формула бойынша



12-сурет

$$S_{\text{қ. тр.}} = F(2) - F(-1) = \left(\frac{2^4}{4} + 2\right) - \left(\frac{(-1)^4}{4} + (-1)\right) = 6 + \frac{3}{4} = 6\frac{3}{4}.$$

Жауабы: $6\frac{3}{4}$ кв. бірл.

МЫСАЛ

3. $y = 2\cos x$, $y = 0$, $x = -\frac{\pi}{2}$, $x = \frac{\pi}{2}$ қисықтарымен шектелген қисықсызықты трапецияның ауданын есептейік.

Шешуі. Алгоритм бойынша бір координаталық жазықтыққа берілген қисықтарды саламыз. $y = 2\cos x$ функциясының графигін салу үшін $y = \cos x$ функциясының графигін Oy осі бойымен екі есе созамыз. $y = 0$ түзуі Ox осін береді. Ал $x = -\frac{\pi}{2}$, $x = \frac{\pi}{2}$ түзулері



13-сурет

сәйкесінше $\left(-\frac{\pi}{2}; 0\right)$ және $\left(\frac{\pi}{2}; 0\right)$ нүктелері арқылы өтетін Oy осіне параллель түзулер. Сонда 13-суретте кескінделген қисықсызықты трапецияны аламыз.

Мұндағы $f(x) = 2\cos x$, $a = -\frac{\pi}{2}$, $b = \frac{\pi}{2}$, онда $F(x) = 2\sin x$. Шыққан қисықсызықты трапецияның ауданын екі тәсілмен есептеуге болады.

I тәсіл. Қисықсызықты трапецияның ауданын (3)-формуланы қолданып есептейміз:

$$S_{қ.тр.} = F\left(\frac{\pi}{2}\right) - F\left(-\frac{\pi}{2}\right) = 2\left(\sin\frac{\pi}{2} - \sin\left(-\frac{\pi}{2}\right)\right) = 2(1 + 1) = 4.$$

II тәсіл. 10-суретте кескінделген фигура Oy осіне қарағанда симметриялы, сондықтан $\left[0; \frac{\pi}{2}\right]$ кесіндісіндегі қисықсызықты трапецияның ауданын есептеп, екіге көбейтуге болады, мұндағы $a = 0$, $b = \frac{\pi}{2}$. Сонда $S_{қ.\ тр.} = 2 \cdot \left(F\left(\frac{\pi}{2}\right) - F(0)\right) =$ $= 4\left(\sin\frac{\pi}{2} - \sin 0\right) = 4\ (1 - 0) = 4.$

Жауабы: 4 кв. бірл.

1. Қисықсызықты трапеция ұғымының трапеция ұғымынан айырмашылығы неде?
2. Қисықсызықты трапецияның ауданын геометриядан белгілі формулалар арқылы есептеуге бола ма?
3. $[a; b]$ кесіндісінде $f(x)$ функциясы қандай функция болуы керек?

Жаттығулар

А

Берілген қисықтармен шектелген қисықсызықты трапецияның ауданын табыңдар (**2.1—2.3**):

2.1. 1) $y = x^2 + 1$, $y = 0$, $x = 0$, $x = 1$;

2) $y = x^2 - 1$, $y = 0$, $x = 2$, $x = 3$.

2.2. 1) $y = \cos x$, $y = 0$, $x = -\frac{\pi}{4}$, $x = \frac{\pi}{4}$;

2) $y = \sin x$, $y = 0$, $x = \frac{\pi}{2}$, $x = \pi$.

2.3. 1) $y = x^3 + 1$, $y = 0$, $x = -1$, $x = 2$;

2) $y = 1 - x^3$, $y = 0$, $x = -2$, $x = 1$.

2.4. 14-суретте кескінделген қисықсызықты трапецияның ауданын есептеңдер:



14-сурет

B

Берілген қисықтармен шектелген қисықсызықты трапецияның ауданын табыңдар (**2.5—2.8**):

2.5. 1) $y = \dfrac{1}{(x+1)^2}$, $\quad y = 0,\quad x = 1,\quad x = 2;$

2) $y = \dfrac{1}{(x-1)^2}$, $\quad y = 0,\quad x = -1,\quad x = 0.$

2.6. 1) $y = 3x^2 - 4x$, $\quad y = 0,\quad x = -2,\quad x = -1;$

2) $y = 3x - x^2$, $\quad y = 0,\quad x = 2,\quad x = 1.$

2.7. 1) $y = \sin\dfrac{x}{2}$, $\quad y = 0,\quad x = \dfrac{\pi}{2},\quad x = \dfrac{3\pi}{2};$

2) $y = \cos 2x$, $\quad y = 0,\quad x = -\dfrac{\pi}{4},\quad x = \dfrac{\pi}{4}.$

2.8. 1) $y = \dfrac{1}{\sqrt{x+1}}$, $\quad y = 0,\quad x = -\dfrac{3}{4},\quad x = 1;$

2) $y = \dfrac{1}{\sqrt{1-x}}$, $\quad y = 0,\quad x = 0,\quad x = -3.$

$[a;\ b]$ кесіндісінде $y = f(x)$ функциясының графигімен, $[b;\ c]$ кесіндісінде $y = g(x)$ функциясының графигімен және Ox осімен шектелген қисықсызықты трапецияның ауданын есептеңдер **(2.9-2.10)**:

2.9. 1) $f(x) = -x^2 + 2x$, $[0; 1]$ және $g(x) = 1{,}5 - 0{,}5x$, $[1; 3]$;

2) $f(x) = x$, $[0; 1]$ және $g(x) = x^2 - 4x + 4$, $[1; 2]$.

2.10. 1) $f(x) = 0{,}5x + 1{,}5$, $[-3; -1]$ және $g(x) = -x^2 - 2x$, $[-1; 0]$;

2) $f(x) = x^2 + 4x + 4$, $[-2; -1]$ және $g(x) = -x$, $[-1; 0]$.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Алғашқы функция ұғымы мен оның негізгі қасиеті және оны есептеу ережелері, анықталмаған интеграл және оны табу кестесі, функцияның шегі, қисықсызықты трапеция мен оның ауданын есептеу формуласы және алгоритмі.

§ 3. АНЫҚТАЛҒАН ИНТЕГРАЛ. НЬЮТОН—ЛЕЙБНИЦ ФОРМУЛАСЫ

Сендер анықталған интеграл ұғымымен танысасыңдар.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Функция, алғашқы функция, анықталған интеграл, интеграл астындағы функция

СЕНДЕР БІЛЕСІҢДЕР: Сендер анықталмаған интеграл ұғымын және қисықсызықты трапецияның ауданын есептеу формуласын білесіңдер.

Қисықсызықты трапецияның ауданын табудың тағы бір жолын қарастырайық. Ол үшін анықталған интегралдың анықтамасын берейік.

Анықтама. $F(b) - F(a)$ *айырымын* $y = f(x)$ *үзіліссіз функциясының* $[a; b]$ *кесіндісіндегі* ***анықталған интегралы*** *деп атайды.*

Анықталған интегралдың белгіленуі:

$$\int_a^b f(x)\,dx. \qquad (1)$$

Оқылуы: “интеграл a-дан b-ға дейін икстен эф дэ икс”.

Анықталған интегралдың белгілеуіндегі a-ны интегралдың *төменгі шегі*, b-ны интегралдың *жоғарғы шегі*, $f(x)$ функциясын *интеграл таңбасының ішіндегі функция* дейді, ал $f(x)dx$ — интеграл таңбасының астындағы өрнек, x — интегралдау айнымалысы.

Сендер Ньютон—Лейбниц формуласымен танысасыңдар.

Анықталған интегралдың анықтамасы бойынша

$$\int_a^b f(x)\,dx = F(b) - F(a). \qquad (2)$$

(2)-формула *Ньютон—Лейбниц формуласы* деп аталады.

Ньютон—Лейбниц формуласы $[a;\ b]$ кесіндісінде үзіліссіз кез келген $f(x)$ функциясы үшін ақиқат.

Алдыңғы параграфтан қисықсызықты трапецияның ауданы $S = F(b) - F(a)$ формуласымен анықталатыны белгілі.

Демек, $[a;\ b]$ кесіндісінде $f(x) \geqslant 0$ болса, онда қарастырылатын қисықсызықты трапецияның ауданы

$$S = \int_a^b f(x)\,dx \qquad (3)$$

формуласымен есептелінеді.

Алдағы уақытта анықталған интегралды мына формуламен есептейміз:

$$\int_a^b f(x)\,dx = F(x)\Big|_a^b = F(b) - F(a).$$

Егер интегралдау шектері мәндерінің орындарын ауыстырсақ, мына тепе-теңдікті аламыз:

$$\int_a^b f(x)dx = -\int_b^a f(x)dx. \qquad (4)$$

(4)-тепе-теңдіктің ақиқаттығын өздерің дәлелдеңдер.

Сендер анықталған интегралды табуды үйренесіңдер.

МЫСАЛ

1. 1) $\int_0^3 x^2dx$; 2) $\int_{\frac{\pi}{6}}^{\frac{\pi}{4}} \sin x dx$; 3) $\int_{-1}^{1} \frac{8}{\sqrt{5+4x}} dx$ интегралдарын есептейік.

Шешуі. 1) $f(x) = x^2$ функциясының алғашқы функцияларының бірі $F(x) = \frac{x^3}{3}$. Енді Ньютон—Лейбниц формуласын қолданамыз:

$$\int_0^3 x^2dx = \frac{x^3}{3}\Big|_0^3 = \frac{3^3}{3} - \frac{0^3}{3} = 9 - 0 = 9.$$

2) $f(x) = \sin x$ функциясының алғашқы функцияларының бірі $F(x) = -\cos x$. Демек,

$$\int_{\frac{\pi}{6}}^{\frac{\pi}{4}} \sin x dx = -\cos x\Big|_{\frac{\pi}{6}}^{\frac{\pi}{4}} = -\left(\cos\frac{\pi}{4} - \cos\frac{\pi}{6}\right) = -\frac{\sqrt{2}}{2} + \frac{\sqrt{3}}{2} = \frac{\sqrt{3}-\sqrt{2}}{2}.$$

3) $f(x) = \frac{8}{\sqrt{5+4x}}$ функциясының алғашқы функциясын табу үшін $g(x) = \frac{1}{\sqrt{x}}$ функциясының алғашқы функцияларының бірі мен алғашқы функцияны табудың екінші және үшінші ережелерін қолданамыз:

$$\int_{-1}^{1} \frac{8}{\sqrt{5+4x}} dx = 8 \cdot 2 \cdot \frac{1}{4}\sqrt{5+4x}\Big|_{-1}^{1} = 4\left(\sqrt{5+4\cdot 1} - \sqrt{5+4\cdot(-1)}\right) = 4(3-1) = 8.$$

Жауабы: 1) 9; 2) $\frac{\sqrt{3}-\sqrt{2}}{2}$; 3) 8.

МЫСАЛ

2. $\int\limits_0^{\frac{\pi}{3}} 4\sin x\, dx = \int\limits_0^1 6x^2 dx$ теңдігінің ақиқат екенін дәлелдейік.

Дәлелдеуі. Ол үшін теңдікте берілген анықталған интегралдардың мәндерін есептеп, салыстыру керек.

$$\int\limits_0^{\frac{\pi}{3}} 4\sin x\, dx = -4\cos x\Big|_0^{\frac{\pi}{3}} = -4\left(\cos\frac{\pi}{3} - \cos 0\right) = -4\left(\frac{1}{2} - 1\right) = 2;$$

$$\int\limits_0^1 6x^2 dx = 6\cdot\frac{x^3}{3}\Big|_0^1 = 2x^3\Big|_0^1 = 2\cdot 1^3 - 2\cdot 0^3 = 2.$$

Анықталған интегралдардың мәндері өзара тең. Демек, берілген теңдік ақиқат.

МЫСАЛ

3. x-тің қандай мәнінде $\int\limits_0^x (6 - 2t)\, dt = 5$ теңдігі орындалатынын көрсетейік.

Шешуі. Алдымен интеграл өрнегін табайық:

$$\int\limits_0^x (6 - 2t)\, dt = (6t - t^2)\Big|_0^x = (6x - x^2) - (6\cdot 0 - 0^2) = 6x - x^2.$$

Соңғы өрнекті 5 санына теңестіріп, шыққан $6x - x^2 = 5$ теңдеуін шешеміз. $x^2 - 6x + 5 = 0$ теңдеуінің түбірлері $x_1 = 1$, $x_2 = 5$. Демек, берілген теңдік $x = 1$ және $x = 5$ мәндерінде орындалады.

Жауабы: 1; 5.

1. Анықталған интегралдың анықталмаған интегралдан қандай айырмашылығы бар?
2. $\int\limits_a^b f(x)dx$ неге анықталған интеграл деп аталады?
3. $\int\limits_a^b f(x)dx = F(b) - F(a)$ Ньютон—Лейбниц формуласын жазу үшін $f(x)$ функциясы қандай шартты қанағаттандыруы керек?

Жаттығулар

A

Интегралды есептеңдер (3.1—3.10):

3.1. 1) $\int\limits_0^1 x^5 dx$; 2) $\int\limits_0^{\frac{\pi}{2}} \sin x dx$;

3) $\int\limits_1^2 \frac{1}{x^4} dx$; 4) $\int\limits_0^{\frac{\pi}{6}} \cos x dx$.

3.2. 1) $\int\limits_1^4 \frac{1}{\sqrt{x}} dx$; 2) $\int\limits_{\frac{\pi}{4}}^{\frac{\pi}{3}} \frac{1}{\sin^2 x} dx$;

3) $\int_{0}^{\frac{\pi}{4}} \frac{1}{\cos^2 x} dx;$ 4) $\int_{9}^{16} \frac{3}{\sqrt{x}} dx.$

3.3. 1) $\int_{-2}^{1} 4x^3\, dx;$ 2) $\int_{-1}^{1} 5x^4 dx;$

3) $\int_{1}^{3} \frac{x^2}{5} dx;$ 4) $\int_{-2}^{1} \frac{x^3}{2} dx.$

3.4. 1) $\int_{2}^{3} (2x-1)dx;$ 2) $\int_{0}^{1} (3x+2)dx;$

3) $\int_{0}^{3} (x^3-2)dx;$ 4) $\int_{2}^{4} (3x^2+1)\, dx.$

3.5. 1) $\int_{1}^{2} (2x-x^2)dx;$ 2) $\int_{0}^{2} (2x+x^2)dx;$

3) $\int_{0}^{1} (1+x^4)dx;$ 4) $\int_{-1}^{0} (1-x^5)dx.$

3.6. 1) $\int_{0}^{\frac{\pi}{2}} (\cos x+1)dx;$ 2) $\int_{-\frac{\pi}{2}}^{0} (1-\sin x)dx;$

3) $\int_{-\frac{\pi}{4}}^{0} (3-5\cos x)dx;$ 4) $\int_{0}^{\frac{\pi}{4}} (4\sin x+3)dx.$

3.7. 1) $\int_{0}^{1} (8x^7+2)dx;$ 2) $\int_{-1}^{0} (3-9x^8)dx;$

3) $\int_{-1}^{1} (6x^5-4)dx;$ 4) $\int_{1}^{2} (7x^6+9)dx.$

3.8. 1) $\int_{\frac{\pi}{4}}^{\frac{\pi}{2}} (2\sin x-3\cos x)\, dx;$ 2) $\int_{\frac{\pi}{6}}^{\frac{\pi}{3}} (2\cos x-5\sin x)dx;$

3) $\int_{0}^{\pi} \left(\sin\frac{x}{2}+\cos\frac{x}{4}\right)dx;$ 4) $\int_{-\frac{\pi}{2}}^{0} \left(\sin\frac{x}{3}-\cos\frac{x}{2}\right)dx.$

3.9. 1) $\int_{\frac{\pi}{6}}^{\frac{\pi}{3}} \sin\left(x-\frac{\pi}{3}\right)dx;$ 2) $\int_{\frac{\pi}{3}}^{\frac{\pi}{2}} \cos\left(x+\frac{\pi}{6}\right)dx;$

3) $\int_{-\frac{\pi}{2}}^{0} \frac{2}{\cos^2\left(x-\frac{\pi}{4}\right)} dx;$ 4) $\int_{0}^{\frac{\pi}{2}} \frac{3}{\sin^2\left(x+\frac{\pi}{4}\right)} dx.$

3.10. 1) $\int_{1}^{4} \left(2x+\frac{3}{\sqrt{x}}\right)dx;$ 2) $\int_{4}^{9} \left(6-\frac{5}{\sqrt{x}}\right)dx;$

3) $\int\limits_{-5}^{0}\left(\frac{4}{\sqrt{x+9}}+5\right)dx;$ 4) $\int\limits_{0}^{8}\left(7-\frac{5}{\sqrt{1+x}}\right)dx.$

Теңдіктердің ақиқат екенін дәлелдеңдер (**3.11-3.12**):

3.11. 1) $\int\limits_{1}^{2}3x^2dx=\int\limits_{0}^{1}14xdx;$ 2) $\int\limits_{4}^{9}\frac{1}{\sqrt{x}}dx=\int\limits_{1}^{3}dx.$

3.12. 1) $\int\limits_{0}^{\frac{\pi}{4}}\frac{1}{\cos^2 x}dx=\int\limits_{0}^{1}4x^3\,dx;$ 2) $\int\limits_{0}^{1}5x^4\,dx=\int\limits_{\frac{\pi}{4}}^{\frac{\pi}{2}}\frac{1}{\sin^2 x}dx.$

3.13. x-тің қандай мәндерінде төмендегі теңдіктер орындалады:

1) $\int\limits_{-1}^{x}3t^2dt=2;$ 2) $\int\limits_{x}^{1}4tdt=2;$

3) $\int\limits_{0}^{x}15t^4dt=96;$ 4) $\int\limits_{x}^{0}9t^2dt=3?$

B

Есептеңдер (**3.14—3.19**):

3.14. 1) $\int\limits_{\frac{1}{2}}^{\frac{3}{2}}(2x+1)^3dx;$ 2) $\int\limits_{-2}^{0}\left(3-\frac{x}{2}\right)^2dx;$

3) $\int\limits_{0}^{\frac{1}{3}}(3x-2)^3\,dx;$ 4) $\int\limits_{-4}^{0}\left(5+\frac{x}{4}\right)^2dx.$

3.15. 1) $\int\limits_{3}^{4}\frac{dx}{(x-2)^2};$ 2) $\int\limits_{-2}^{-1}\frac{dx}{(x+3)^2};$

3) $\int\limits_{0}^{2}\frac{dx}{(0{,}5x+1)^4};$ 4) $\int\limits_{0}^{5}\frac{dx}{(2-0{,}2x)^5}.$

3.16. 1) $\int\limits_{0}^{\frac{\pi}{2}}\cos^2\frac{x}{2}dx;$ 2) $\int\limits_{-\frac{\pi}{2}}^{0}\sin^2\frac{x}{2}dx;$

3) $\int\limits_{0}^{\pi}3\cos^2 2xdx;$ 4) $\int\limits_{0}^{\frac{\pi}{8}}\frac{1}{4}\sin^2 4xdx.$

3.17. 1) $\int\limits_{-1}^{0}\frac{1-x^2}{1-x}dx;$ 2) $\int\limits_{0}^{1}\frac{16-x^4}{2-x}dx;$

3) $\int\limits_{1}^{2}\frac{1-8x^3}{1-2x}dx;$ 4) $\int\limits_{0}^{2}\frac{x^3+2x^2+4x+3}{x+1}dx.$

3.18. 1) $\int\limits_{\frac{\pi}{8}}^{\frac{\pi}{4}} \frac{dx}{\cos^2\left(2x - \frac{\pi}{4}\right)}$;   2) $\int\limits_{\frac{2\pi}{3}}^{\pi} \frac{dx}{\sin^2\left(\frac{x}{2} - \frac{\pi}{6}\right)}$;

3) $\int\limits_{\frac{\pi}{3}}^{\pi} \cos\left(\frac{x}{4} - \frac{\pi}{12}\right) \cdot \sin\left(\frac{x}{4} - \frac{\pi}{12}\right) dx$;   4) $\int\limits_{0}^{\pi} \left(1 - 2\cos^2 \frac{x}{6}\right) dx$.

3.19. 1) $\int\limits_{2}^{6} \frac{dx}{\sqrt{3x - 2}}$;   2) $\int\limits_{4}^{7} \frac{dx}{\sqrt{3x + 4}}$;

3) $\int\limits_{4}^{20} \frac{dx}{2 \cdot \sqrt{\frac{x}{2} - 1}}$;   4) $\int\limits_{0}^{9} \frac{dx}{4 \cdot \sqrt{\frac{x}{3} + 1}}$.

x-тің қандай мәндерінде берілген теңдіктер орындалады (**3.20-3.21**):

3.20. 1) $\int\limits_{0}^{x} (5 - 2t)dt = 4$;   2) $\int\limits_{0}^{x} (8 - 2t)dt = 12$?

3.21. 1) $\int\limits_{0}^{x} (3 - 2t)dt = 4 - 2x$;   2) $\int\limits_{0}^{x} (1 - 4t)dt = 12 - 9x$?

x-тің қандай мәндерінде берілген теңсіздіктер орындалады (**3.22-3.23**):

3.22. 1) $\int\limits_{0}^{x} 3dt > 1$;   2) $\int\limits_{x}^{x^2} 4dt < 0$?

3.23. 1) $\int\limits_{x}^{1} 5dt > 9$;   2) $\int\limits_{x}^{2} (2t - 1)dt > 0$?

ҒАЛЫМ-МАТЕМАТИК ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАМА ДАЙЫНДАҢДАР

3.24. $\int\limits_{a}^{b} f(x)dx$ белгісі француз математигі және физигі Жан-Батист Жозеф Фурьенің жұмыстарынан кейін кеңінен қолданыла бастады.

Ж. Фурье
(1768—1830)

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Функция және оның графигі, алғашқы функция, оның қасиеті және алғашқы функцияны табу ережелері мен есептеу кестесі, қисықсызықты трапеция және оның ауданын табу алгоритмі, анықталған интеграл, Ньютон—Лейбниц формуласы, көпбұрыштар және олардың ауданын есептеу формулалары.

§ 4. ЖАЗЫҚ ФИГУРАНЫҢ АУДАНЫН ЖӘНЕ АЙНАЛУ ДЕНЕСІНІҢ КӨЛЕМІН АНЫҚТАЛҒАН ИНТЕГРАЛДЫҢ КӨМЕГІМЕН ЕСЕПТЕУ

Сендер берілген сызықтармен шектелген жазық фигураның ауданын есептеуді үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Функция, алғашқы функция, анықталған интеграл, жазық фигура, айналу денесі, аудан, көлем

Сендер қисықсызықты трапецияның ауданын есептеуді үйрендіңдер. Ал енді бұл параграфта геометриядан белгілі формулалар арқылы есептелмейтін кез келген жазық фигураның ауданын қалай табуға болатынына тоқталамыз. Жазық фигуралардың орналасуының әртүрлі жағдайлары 15-суретте көрсетілген.



15-сурет

Осындай жазық фигуралардың аудандарын анықталған интеграл арқылы есептеуді қарастырайық.

Жоғарыдан $y = f(x)$ функциясының графигімен, ал төменнен $y = g(x)$ функциясының графигімен, сол жағынан $x = a$, оң жағынан $x = b$ түзулерімен шектелген жазық фигура берілсін (16-сурет).



16-сурет

16-суреттен екі қисықсызықты трапецияны көруге болады. Демек, штрихпен берілген жазық фигураның ауданын анықтау үшін үлкен қисықсызықты трапецияның ауданынан кіші қисықсызықты трапецияның ауданын азайту керек:

$$S = \int_a^b f(x)dx - \int_a^b g(x)dx = \int_a^b (f(x) - g(x))\, dx.$$

Сонымен,

$$S = \int_a^b (f(x) - g(x))\, dx. \qquad (1)$$

МЫСАЛ 1. $y = x^2 - 2x + 4$ және $y = 4$ қисықтарымен шектелген фигураның ауданын табайық.



17-сурет

Шешуі. Алдымен бір координаталық жазықтыққа берілген функциялардың графиктерін саламыз. $y = x^2 - 2x + 4$ функциясының графигі төбесі (1; 3) нүктесі болатын, тармақтары жоғары бағытталған парабола, ал $y = 4$ қисығы (0; 4) нүктесі арқылы өтетін Ox осіне параллель түзу (17-сурет).

Енді графиктердің қиылысу нүктелерін табамыз. Ол үшін $x^2 - 2x + 4 = 4$ теңдеуін шешеміз. Сонда $x_1 = 0$, $x_2 = 2$. Демек, интегралдау шектері $a = 0$ және $b = 2$.

Штрихталған жазық фигураның ауданын есептеудің екі тәсілін қарастырайық, мұнда $f(x) = 4$ және $g(x) = x^2 - 2x + 4$.

I тәсіл. (1)-формуланы қолданамыз:

$$S_ф = \int_0^2 (4 - x^2 + 2x - 4)dx = \int_0^2 (2x - x^2)dx = \left(x^2 - \frac{x^3}{3}\right)\Bigg|_0^2 = 2^2 - \frac{2^3}{3} = 4 - \frac{8}{3} = \frac{4}{3}.$$

II тәсіл. $OABC$ тіктөртбұрышының ауданынан $OADBC$ қисықсызықты трапецияның ауданын аламыз: $S_ф = S_{OABC} - S_{қ.тр.}$. $S_{OABC} = AB \cdot BC = 2 \cdot 4 = 8$.

$$S_{қ.тр.} = \int_0^2 (x^2 - 2x + 4)\, dx = \left(\frac{x^3}{3} - x^2 + 4x\right)\Bigg|_0^2 = \frac{8}{3} - 4 + 8 = \frac{20}{3}.$$ Сонда $S_ф = 8 - \frac{20}{3} = \frac{4}{3}$.

Жауабы: $\frac{4}{3}$ кв. бірл.

МЫСАЛ 2. $y = x^2 - 2x + 5$, $y = x + 1$ функцияларының графиктерімен және $x = 1$, $x = 3$ түзулерімен шектелген жазық фигураның ауданын есептейік.



18-сурет

Шешуі. Бір координаталық жазықтыққа берілген қисықтарды саламыз. $y = x^2 - 2x + 5$ функциясының графигі төбесі (1; 4) нүктесі болатын, Oy осімен (0; 5) нүктесінде қиылысатын, тармақтары жоғары бағытталған парабола; $y = x + 1$ функциясының графигі (−1; 0) және (0; 1) нүктелері арқылы өтетін түзу, ал $x = 1$ және $x = 3$ түзулері сәйкесінше (1; 0), (3; 0) нүктесі арқылы өтетін Oy осіне параллель түзулер (18-сурет). Суретте кескінделген жазық фигураның ауданын табу үшін (1)-формуланы қолданамыз. Мұнда $f(x) = x^2 - 2x + 5$, $g(x) = x + 1$, $a = 1$ және $b = 3$.

Сонда

$$S_ф = \int_1^3((x^2 - 2x + 5) - (x + 1))dx = \int_1^3 (x^2 - 2x + 5 - x - 1)dx = \int_1^3 (x^2 - 3x + 4)dx =$$

$$= \left(\frac{x^3}{3} - \frac{3x^2}{2} + 4x\right)\Bigg|_1^3 = \frac{3^3}{3} - \frac{3 \cdot 3^2}{2} + 4 \cdot 3 - \frac{1}{3} + \frac{3}{2} - 4 = \frac{14}{3}.$$

Жауабы: $\frac{14}{3}$ кв. бірл.

Сендер айналу денесінің көлемін анықталған интеграл көмегімен есептеу формуласымен танысасыңдар.

Айналу денесінің көлемін табу үшін интегралдың қолданылуын қарастырайық.

Ол үшін $[a; b]$ кесіндісінде $y = f(x)$ функциясының графигімен шектелген қисықсызықты трапеция берілсін.

Осы қисықсызықты трапецияны Ox осінен айналдырғанда пайда болған геометриялық дененің көлемін табу керек болсын (19-сурет).



19-сурет

$[a; b]$ кесіндісінің бойынан кез келген x нүктесін алайық. Егер осы нүкте арқылы Ox осіне перпендикуляр жазықтық жүргізсек, онда жазықтық айналу денесін дөңгелек бойымен қиып өтеді (қимада дөңгелек пайда болады). Ал шыққан дөңгелектің радиусы y-ке тең. Демек, қиманың ауданы $Q(x) = \pi y^2$.

$[a; b]$ кесіндісінде $Q(x)$ қимасының ауданы үзіліссіз екені айқын. $[a; x]$ кесіндісіне сәйкес дене бөлігінің көлемін $V(x)$ арқылы өрнектейік (19-сурет).

Мысалы, $\log_{\frac{1}{2}} 4 = \log_{\frac{1}{2}} 2^2 = 2\log_{\frac{1}{2}} 2 = 2\log_{\frac{1}{2}} \left(\frac{1}{2}\right)^{-1} = -2\log_{\frac{1}{2}}\left(\frac{1}{2}\right) = -2$;

$\log_{\frac{1}{2}} 8 = \log_{\frac{1}{2}} (2^3) = 3\log_{\frac{1}{2}} 2 = 3\log_{\frac{1}{2}} \left(\frac{1}{2}\right)^{-1} = -3\log_{\frac{1}{2}} \left(\frac{1}{2}\right) = -3$, сонда

$\log_{\frac{1}{2}} 4 = -2$, $\log_{\frac{1}{2}} 8 = -3$. Демек, $\log_{\frac{1}{2}} 4 > \log_{\frac{1}{2}} 8$.

4) $y = \log_a x$, $a > 0$, $a \neq 1$ функциясының үзіліссіздігін дәлелдейік.

Аргумент x-ке Δx өсімше берейік: $\Delta x = (x + \Delta x) - x$. Осыған сәйкес функция өсімше қабылдайды: $\Delta y = \log_a(x + \Delta x) - \log_a x =$ $= \log_a \frac{x + \Delta x}{x} = \log_a \left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right)$, сонда $\Delta y = \log_a \left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right)$.

Теңдіктің екі жағынан $\Delta x \to 0$ ұмтылғандағы шекке көшсек,

$$\Delta y \to \log_a \left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right) = \log_a 1 = 0,$$

яғни аргументтің шексіз аз өсімшесіне функцияның шексіз аз өсімшесі сәйкес келеді.

Демек, $y = \log_a x$ функциясы x нүктесінде үзіліссіз функция. Ал x нүктесі — анықталу облысының кез келген нүктесі. Олай болса $y = \log_a x$ анықталу облысының кез келген нүктесінде үзіліссіз функция.

Енді функцияның графигіне тоқталайық (43, 44-суреттер).

$a > 1$ болғанда $x > 1$ мәндерінде $y = \log_a x > 0$, ал $0 < x < 1$ мәндерінде $y = \log_a x < 0$. $0 < a < 1$ болғанда $x > 1$ мәндерінде $y = \log_a x < 0$, ал $0 < x < 1$ мәндерінде $y = \log_a x > 0$.

$y = \log_a x$ және $y = a^x$ функцияларының графиктері $y = x$ түзуіне қарағанда симметриялы (43, 44-суреттер).



43-сурет



44-сурет

Сендер логарифмдік функция қасиеттерін есептер шығаруда қолдануды үйренесіңдер.

Логарифмдік функцияның негізгі қасиеттеріне мысалдар қарастырайық.

МЫСАЛ **1.** 1) $f(x) = \log_3(8 - 3x)$; 2) $f(x) = \log_2(5x^2 - 8x - 4)$; 3) $f(x) = \log_4\dfrac{5x+3}{6-7x}$ функцияларының анықталу облысын табайық.

Шешуі. 1) Логарифмдік функцияның анықталу облысы — барлық оң сандар жиыны: $R_+ = (0; +\infty)$. Сондықтан $f(x) = \log_3(8 - 3x)$ функциясының аргументі $8 - 3x > 0$ немесе $x < \dfrac{8}{3}$.

Демек, $f(x) = \log_3(8 - 3x)$ функциясының анықталу облысы $\dfrac{8}{3}$-ден кіші сандар.

2) $f(x) = \log_2(5x^2 - 8x - 4)$ функциясының анықталу облысы $5x^2 - 8x - 4 > 0$ теңсіздігін қанағаттандыратын сандар жиыны. Интервалдар әдісін қолданып $x < -0{,}4$ және $x > 2$, яғни $(-\infty; -0{,}4) \cup (2; +\infty)$ аралықтарын аламыз (45-сурет):

45-сурет

3) $f(x) = \log_4\dfrac{5x+3}{6-7x}$ функциясының анықталу облысын табу үшін $\dfrac{5x+3}{6-7x} > 0$ теңсіздігін қарастырамыз. Осы теңсіздікті қанағаттандыратын x-тің мәндерін интервалдар тәсілімен табамыз (46-сурет):

46-сурет

Сонымен $f(x) = \log_4\dfrac{5x+3}{6-7x}$ функциясының анықталу облысы $\left(-\dfrac{3}{5}; \dfrac{6}{7}\right)$ аралығы болып табылады.

Жауабы: 1) $\left(-\infty; \dfrac{8}{3}\right)$; 2) $(-\infty; -0{,}4) \cup (2; +\infty)$; 3) $\left(-\dfrac{3}{5}; \dfrac{6}{7}\right)$.

МЫСАЛ **2.** Берілген сандарды салыстырайық:
1) $\log_2 13$ және $\log_2 17$; 2) $\log_{\frac{1}{4}} 3$ және $\log_{\frac{1}{4}} 5$.

Шешуі. 1) $\log_2 13$ және $\log_2 17$ логарифмдерінің негіздері бірдей және $a = 2$. Ал негізі $a > 1$ болғанда логарифмдік функция өспелі функция, яғни үлкен санға үлкен логарифм, кіші санға кіші логарифм сәйкес келеді. Сондықтан $\log_2 13 < \log_2 17$, өйткені $13 < 17$.

2) $\log_{\frac{1}{4}} 3$ және $\log_{\frac{1}{4}} 5$ логарифмдердің негіздері бірдей $\frac{1}{4}$-ге тең және $0 < \frac{1}{4} < 1$. Ал $0 < a < 1$ болғанда логарифмдік функция кемімелі. Демек, $3 < 5$ болғандықтан, $\log_{\frac{1}{4}} 3 > \log_{\frac{1}{4}} 5$.

Жауабы: 1) $\log_2 13 < \log_2 17$; 2) $\log_{\frac{1}{4}} 3 > \log_{\frac{1}{4}} 5$.

МЫСАЛ **3.** $y = \lg x$ және $y = x^2 - 2x$ функциялары графиктерінің неше нүктеде қиылысатынын табайық.

Шешуі. Ол үшін бір координаталық жазықтыққа $y = \lg x$ және $y = x^2 - 2x$ функцияларының графигін саламыз (47-сурет).
Графиктер A және B нүктелерінде қиылысады.

Жауабы: екі нүктеде қиылысады.



47-сурет

1. Неге логарифмдік функцияның графигі Oy осіне қарағанда координаталық жазықтықтың оң жағында орналасқан?
2. Логарифмделінетін өрнектер қандай шарттарды қанағаттандыру керек?
3. Көрсеткіштік және логарифмдік функциялардың қандай ұқсастығы бар?
4. Көрсеткіштік және логарифмдік функцияларының мәндер жиынында айырмашылық бар ма? Жауабын түсіндіріңдер.

Жаттығулар

А

$y = g(x)$ функциясының анықталу облысын табыңдар (**14.1-14.2**):

14.1. 1) $g(x) = \log_3(3 + 4x)$; 2) $g(x) = \log_{\frac{1}{4}}(7 - 2x)$;
3) $g(x) = \log_{5,2}(8 - 5x)$; 4) $g(x) = \log_{0,7}(x^2 - 49)$.

14.2. 1) $g(x) = \log_{0,12}(7 + 6x - x^2)$; 2) $g(x) = \log_{\sqrt{3}} \frac{x+8}{2x-7}$;
3) $g(x) = \lg\frac{3x+15}{4-x}$; 4) $g(x) = \ln(x^2 + x - 12)$.

14.3. Графиктері 48-суретте берілген функциялардың қасиеттерін атаңдар:



1) 2)

48-сурет

Салыстырыңдар (**14.4-14.5**):

14.4. 1) $\log_4 5{,}8$ және $\log_4 8{,}1$; 2) $\log_{\frac{1}{5}} 0{,}25$ және $\log_{\frac{1}{5}} 0{,}36$;

3) $\log_{6,5} \frac{5}{6}$ және $\log_{6,5} \frac{1}{6}$; 4) $\log_{\sqrt{3}} 5$ және $\log_{\sqrt{3}} 4$.

14.5. 1) $\log_{\sqrt{7}} 8$ және 1; 2) $\log_{\frac{1}{\sqrt{2}}} 10$ және $\log_{\frac{1}{\sqrt{2}}} 8$;

3) $\log_{\pi} \frac{3}{16}$ және $\log_{\pi} \frac{1}{16}$; 4) $\log_{0,9} \sqrt{3}$ және $\log_{0,9} 2$.

14.6. $y = f(x)$ және $y = g(x)$ функциялары графиктерінің неше нүктеде қиылысатынын көрсетіңдер:

1) $f(x) = \lg x$ және $g(x) = x$; 2) $f(x) = \lg x$ және $g(x) = -x$;

3) $f(x) = \log_2 x$ және $g(x) = x^2$; 4) $f(x) = \log_{\frac{1}{3}} x$ және $g(x) = -x^2$.

B

14.7. $y = f(x)$ функциясының анықталу облысын табыңдар:

1) $f(x) = \log_{1,5}(x^2 - 4) + \log_3(9 - x^2)$;

2) $f(x) = \log_4 x^3 - \log_{1,8}(x^2 - x)$;

3) $f(x) = \log_{1,5} \frac{x^2 - 1}{x + 5} - \sqrt{x}$;

4) $f(x) = \log_{0,7} \frac{4 - x^2}{6 - x} + \log_6 x$.

14.8. $y = f(x)$ функциясының мәндер жиынын табыңдар:

1) $f(x) = -\log_5(x + 1)$; 2) $f(x) = \log_{\frac{1}{3}}(1 + x) + 5$;

3) $f(x) = |\log_7(x + 1)|$; 4) $f(x) = |\lg x| + 6$.

14.9. $y = f(x)$ функциясының графигін салып, қасиеттерін атаңдар:

1) $f(x) = \log_4 (x + 3)$; 2) $f(x) = -\log_2 x + 2$;

3) $f(x) = \log_{\frac{1}{3}} (x - 1)$; 4) $f(x) = \log_{0,5} x - 3$.

14.10. $y = f(x)$ және $y = g(x)$ функциялары графиктерінің неше нүктеде қиылысатынын көрсетіңдер:

1) $f(x) = \log_{\frac{1}{2}} x$ және $g(x) = x - 1$;

2) $f(x) = \lg x$ және $g(x) = x + 1$;

3) $f(x) = \log_5 x$ және $g(x) = 7 + x$;

4) $f(x) = \log_{0,5} x$ және $g(x) = 2 - x$.

14.11. $[a; b]$ кесіндісінде $y = f(x)$ функциясының ең кіші және ең үлкен мәнін табыңдар:

1) $f(x) = \log_3 x$, $[1; 9]$; 2) $f(x) = \log_{0,5} x$, $[0,5; 4]$;

3) $f(x) = \log_7 x$, $[1; 7]$; 4) $f(x) = \log_{\sqrt{5}} x$, $[5; 25]$.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Функция ұғымы, функцияның шегі, функцияның туындысы, күрделі функцияның туындысы, алғашқы функция, туынды мен алғашқы функцияны есептеу ережелері, туындының геометриялық және физикалық мағынасы, функцияның туындысы мен алғашқы функциясының кестесі, жанаманың теңдеуі, туынды мен интегралды қолдану.

§ 15. КӨРСЕТКІШТІК ЖӘНЕ ЛОГАРИФМДІК ФУНКЦИЯЛАРДЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛДАУ. КӨРСЕТКІШТІК ФУНКЦИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ФУНКЦИЯСЫ

Сендер көрсеткіштік функцияның туындысын табуды үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Көрсеткіштік функция, логарифмдік функция, туынды, алғашқы функция, анықталған интеграл

Осы тараудың басында көрсеткіштік функцияның анықталу облысы, мәндер жиыны, оның анықталу облысында бірсарынды өспелі немесе бірсарынды кемімелі, үзіліссіз функция екені қарастырылды. Енді $y = a^x$ ($a > 0$, $a \neq 1$) көрсеткіштік функциясының анықталу облысының кез келген нүктесіндегі туындысын табу формуласын берейік.

Теорема. *Көрсеткіштік функция өзінің анықталу облысының әрбір нүктесінде туындыға ие болады және ол туынды*

$$(a^x)' = a^x \cdot \ln a \qquad (1)$$

формуласымен табылады.

Дәлелдеу. $y = a^x$ $(a > 0, a \neq 1)$ көрсеткіштік функциясының аргументі x нүктесінен $x + \Delta x$ нүктесіне дейін өзгергендегі орташа жылдамдығы $\frac{\Delta y}{\Delta x} = \frac{a^{x+\Delta x} - a^x}{\Delta x} = a^x \cdot \frac{a^{\Delta x} - 1}{\Delta x}$ формуласымен анықталатыны белгілі. Функцияның туындысын табу үшін $\frac{a^{\Delta x} - 1}{\Delta x}$ қатынасының $\Delta x \to 0$ ұмтылғандығы шегін тауып, оны функцияның x нүктесіндегі мәніне көбейтеміз.

$\Delta x \to 0$ жағдайда $\frac{a^{\Delta x} - 1}{\Delta x} \to \ln a$ (бұл формула жоғары математика курсында қарастырылады). Демек, $\Delta x \to 0$, онда $\frac{\Delta y}{\Delta x} \to a^x \ln a$, яғни $y' = a^x \ln a$.

Енді (1)-формуладағы a санын e санына алмастырайық.

$a \to e$, онда $a^x \ln a \to e^x \ln e = e^x$, яғни

$$(e^x)' = e^x. \qquad (2)$$

МЫСАЛ 1. 1) $5a^x$; 2) $x^3 \cdot 2^x$; 3) $(x^2 + 1) \cdot 3^x$; 4) e^{3x} функцияларының туындыларын табайық.

Шешуі. Берілген функциялардың туындыларын табу үшін (1) және (2) формулаларымен қатар туындыны есептеу формулаларын қолданамыз:

1) $(5a^x)' = 5a^x \ln a$;

2) $(x^3 \cdot 2^x)' = (x^3)' \cdot 2^x + x^3 \cdot (2^x)' = 3x^2 \cdot 2^x + x^3 \cdot 2^x \cdot \ln 2 = x^2 \cdot 2^x (3 + x \ln 2)$;

3) $((x^2 + 1) \cdot 3^x)' = (x^2 + 1)' \cdot 3^x + (x^2 + 1) \cdot (3^x)' = 2x \cdot 3^x + (x^2 + 1) \cdot 3^x \ln 3 = 3^x \cdot (2x + (x^2 + 1) \ln 3)$;

4) $(e^{3x})' = e^{3x} \cdot (3x)' = 3 \cdot e^{3x}$.

Жауабы: 1) $5a^x \ln a$; 2) $x^2 \cdot 2^x (3 + x\ln 2)$;
3) $3^x(2x + (x^2 + 1) \ln 3)$; 4) $3 \cdot e^{3x}$.

Сендер логарифмдік функцияның туындысын табуды үйренесіңдер.

Логарифмдік функцияның туындысын табу формуласын берейік.

Теорема. $y = \log_a x$ *функциясы анықталу облысының кез келген нүктесінде туындыға ие болады және ол*

$$y' = \frac{1}{x \ln a} \qquad (3)$$

формуласымен табылады.

Дәлелдеу. Ол үшін аргумент x-ке Δx өсімше беріп, осы өсімшеге сәйкес функция өсімшесін табамыз:

$$\Delta y = \log_a (x + \Delta x) - \log_a x = \log_a \frac{x + \Delta x}{x} = \log_a \left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right).$$

Функция өсімшесінің аргумент өсімшесіне қатынасын жазайық:

$$\frac{\Delta y}{\Delta x} = \frac{\log_a\left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right)}{\Delta x}.$$

Енді соңғы қатынасты тепе-тең түрлендіреміз:

$$\frac{\Delta y}{\Delta x} = \frac{\log_a\left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right)}{\frac{\Delta x}{x}} \cdot \frac{1}{x} = \frac{1}{x} \cdot \frac{x}{\Delta x} \log_a\left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right) = \frac{1}{x}\log_a\left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right)^{\frac{x}{\Delta x}}$$ немесе

$$\frac{\Delta y}{\Delta x} = \frac{1}{x} \cdot \log_a\left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right)^{\frac{x}{\Delta x}}.$$

Енді логарифмдік функцияның үзіліссіздігін пайдаланып $\Delta x \to 0$ ұмтылғандағы шекке көшеміз:

$\Delta x \to 0,\ \frac{\Delta y}{\Delta x} \to \frac{1}{x} \log_a e = \frac{1}{x\ln a}$, мұнда $\Delta x \to 0$ ұмтылғанда $\left(1 + \frac{\Delta x}{x}\right)^{\frac{x}{\Delta x}} \to e$ болады.

Сонымен, $y = \log_a x$ функциясы үшін $y' = \frac{1}{x}\log_a e$ немесе $y' = \frac{1}{x\ln a}$.

(3)-формуладағы a санын e санымен алмастырсақ, $(\log_e x)' = \frac{1}{x\ln e}$ немесе

$$(\ln x)' = \frac{1}{x}. \qquad (4)$$

МЫСАЛ 2. 1) $f(x) = \log_5 x$; 2) $g(x) = 3\ln x$; 3) $\varphi(x) = 6\ln(x^2 - 4)$ функцияларының туындысын табайық.

Шешуі. Берілген функциялардың туындысын табу үшін (3) және (4) формулалары мен туындыны табу кестесін қолданамыз:

1) $f'(x) = (\log_5 x)' = \frac{1}{x\ln 5}$; 2) $g'(x) = (3\ln x)' = \frac{3}{x}$;

3) $\varphi'(x) = (6\ln(x^2 - 4))' = 6 \cdot \frac{1}{x^2 - 4} \cdot (x^2 - 4)' = \frac{12x}{x^2 - 4}$.

Жауабы: 1) $\frac{1}{x\ln 5}$; 2) $\frac{3}{x}$; 3) $\frac{12x}{x^2 - 4}$.

Сендер көрсеткіштік функцияның алғашқы функциясын табуды үйренесіңдер.

Көрсеткіштік функцияның алғашқы функциясының формуласын берейік.

Теорема. $y = a^x$ $(a > 0,\ a \neq 1,\ x \in R)$ *көрсеткіштік функциясы өзінің анықталу облысының кез келген нүктесінде алғашқы функцияға ие болады және ол*

$$F(x) = \frac{a^x}{\ln a} + C \qquad (5)$$

формуласымен табылады.

Дәлелдеу. Ол үшін алғашқы функцияның анықтамасын қолданып, $F(x)$ функциясынан туынды аламыз: $F'(x) = \left(\frac{a^x}{\ln a} + C\right)' = \frac{1}{\ln a} \cdot (a^x)' = \frac{1}{\ln a} \cdot a^x \cdot \ln a = a^x$, $x \in R$. Ендеше $\int a^x dx = \frac{a^x}{\ln a} + C$.

МЫСАЛ

3. Берілген функциялардың алғашқы функцияларын табайық: 1) $f(x) = 7^x$; 2) $g(x) = 5 \cdot 3^x$; 3) $h(x) = 5e^{2x} - 8 \cdot 2^{3x}$.

Шешуі. Берілген функциялардың алғашқы функциясын табу үшін (5)-формула мен алғашқы функцияларды табу кестесін қолданамыз: 1) $F(x) = \frac{7^x}{\ln 7} + C$; 2) $G(x) = 5 \cdot \frac{3^x}{\ln 3} + C$; 3) $H(x) = 5 \cdot \frac{1}{2} e^{2x} - 8 \cdot \frac{2^{3x}}{\ln 2} \cdot \frac{1}{3} + C = \frac{5}{2} e^{2x} - \frac{2^{3x+3}}{3\ln 2} + C$.

Жауабы: 1) $\frac{7^x}{\ln 7} + C$; 2) $5 \cdot \frac{3^x}{\ln 3} + C$; 3) $\frac{5}{2} e^{2x} - \frac{2^{3x+3}}{3\ln 2} + C$.

$y = \frac{1}{x}$ функциясы үшін алғашқы функция

$$F(x) = \ln|x| + C \qquad (6)$$

формуласымен табылады.

Олай болса анықталмаған интегралды табу формуласы мынадай болады: $\int \frac{1}{x} dx = \ln|x| + C$.

МЫСАЛ

4. $y = \frac{3}{x}$, $y = 3$, $x = 1$, $x = e$ қисықтарымен шектелген жазық фигураның ауданын табайық.

Шешуі. Берілген қисықтарды бір координаталық жазықтыққа салып, ABC жазық фигурасын аламыз (49-сурет).

Мұндағы $f(x) = 3$, $g(x) = \frac{3}{x}$, $a = 1$, $b = e$. Демек, $S_ф = \int_1^e \left(3 - \frac{3}{x}\right)dx = (3x - 3\ln|x|)\Big|_1^e =$
$= 3e - 3 - 3 = 3e - 6$.



49-сурет

Жауабы: $3e - 6$ кв. бірл.

1. Неге $y = a^x$ көрсеткіштік функциясының туындысы формуласының жеке түрі беріледі? Жауабын түсіндіріңдер.
2. Логарифмдік функция туындысының формуласын беру логарифмнің қандай қасиетіне негізделген?

Жаттығулар

A

$y = f(x)$ функциясының туындысын табыңдар (**15.1—15.3**):

15.1. 1) $f(x) = 3e^x + 3$; 2) $f(x) = 5x + 3e^x$;

3) $f(x) = 5 - \frac{1}{2}e^x$; 4) $f(x) = 5 \cdot e^{-x}$.

15.2. 1) $f(x) = e^x \cdot \sin x$; 2) $f(x) = e^{3x} + 2 \cdot 2^x$;

3) $f(x) = x^2 e^{3x}$; 4) $f(x) = 5 \cdot e^x \cdot \cos x$.

15.3. 1) $f(x) = \ln x \cdot \sin x$; 2) $f(x) = \ln x^3 + 4 \cdot 6^x$;

3) $f(x) = x^2 \ln(x^2 - 10)$; 4) $f(x) = 5 \cdot \ln(x - x^3) \cdot \cos x$.

15.4. $y = f(x)$ функциясы үшін алғашқы функцияның жалпы түрін жазыңдар:

1) $f(x) = 3e^x$; 2) $f(x) = 2 \cdot 5^x$;

3) $f(x) = 7 \cdot 4^x$; 4) $f(x) = 1 + 2^x$.

15.5. Интегралдарды есептеңдер:

1) $\int_0^1 2^x\,dx$; 2) $\int_0^1 e^x\,dx$; 3) $\int_1^3 2^x\,dx$; 4) $\int_{-2}^{-1} 3^x\,dx$.

15.6. Берілген қисықтармен шектелген фигураның ауданын табыңдар:

1) $y = \frac{4}{x}$, $x = 1$, $x = 4$, $y = 0$; 2) $y = 5^x$, $x = 3$, $x = 0$, $y = 0$.

B

$y = f(x)$ функциясының туындысын табыңдар (**15.7-15.8**):

15.7. 1) $f(x) = e^{x^3}\cos x$; 2) $f(x) = 5^{\frac{x}{2}} \cdot \operatorname{tg} x$;

3) $f(x) = x^2 \cdot \ln x$; 4) $f(x) = 3^{x^2} \cdot \ln x$.

15.8. 1) $f(x) = (5^x + 4) \cdot x^3$; 2) $f(x) = \sqrt{x} \cdot \log_2 x$;

3) $f(x) = x^2 \cdot e^{5x}$; 4) $f(x) = x^2 \cdot 2^{-x}$.

15.9. $y = f(x)$ функциясының өсу және кему аралықтарын табыңдар:

1) $f(x) = e^x - ex$; 2) $f(x) = 2xe^x$.

15.10. $y = f(x)$ функциясының экстремум нүктелерін табыңдар:

1) $f(x) = e^x - x$; 2) $f(x) = \left(\frac{1}{2}\right)^{2x} - \left(\frac{1}{2}\right)^x$.

15.11. $f(x) = e^x$ функциясының графигіне $x_0 = -1$ нүктесінде жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңдар.

15.12. $y = x \ln x$ функциясын зерттеп, графигін салыңдар.

15.13. $y = g(x)$ функциясы үшін $B\ (a;\ b)$ нүктесі арқылы өтетін алғашқы функцияны табыңдар:

1) $g(x) = 4^x$, $B(\log_2 3;\ 0)$; 2) $g(x) = \dfrac{2}{x-3}$, $B(4;\ -2)$.

15.14. Есептеңдер:

1) $\int\limits_0^{\ln 2} e^{2x}\,dx$; 2) $\int\limits_0^{\log_3 2} 3^{0,5x}\,dx$.

15.15. Берілген қисықтармен шектелген жазық фигураның ауданын табыңдар:

1) $y = -\dfrac{5}{x}$, $x = -1$, $x = -2$, $y = 2$; 2) $y = 4^x$, $x = 4$, $y = 4$.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. $y = \dfrac{x-3}{125 - 5^{3x}}$ функциясының анықталу облысын табыңдар:

A) R; B) Z;

C) $(-\infty;\ 1) \cup (1;\ +\infty)$; D) $(-\infty;\ 3) \cup (3;\ +\infty)$.

2. $\log_{12}\left(\dfrac{49}{9}\cdot\left(\dfrac{3}{7}\right)^2\right)$ өрнегінің мәнін есептеңдер:

A) 12; B) 0;

C) 1; D) 144.

3. $y = \log_{5,3}(6 - 5x) + 10$ функциясының анықталу облысын табыңдар:

A) $(-\infty;\ 1,2]$; B) $(-\infty;\ -1,2)$;

C) $(1,2;\ +\infty)$; D) $(-\infty;\ 1,2)$.

4. $\dfrac{1}{3}$; 27; 3^{-3}; 1; $\left(\dfrac{1}{3}\right)^2$ сандарын өсу ретімен орналастырыңдар:

A) $\dfrac{1}{3}$; 27; 3^{-3}; 1; $\left(\dfrac{1}{3}\right)^2$; B) $\dfrac{1}{3}$; $\left(\dfrac{1}{3}\right)^2$; 3^{-3}; 1; 27;

C) 3^{-3}; $\left(\dfrac{1}{3}\right)^2$; $\dfrac{1}{3}$; 1; 27; D) 1; 3^{-3}; $\left(\dfrac{1}{3}\right)^2$; $\dfrac{1}{3}$; 27.

5. Егер $\log_7 5 = a$ және $\log_7 13 = b$ болса, онда $\log_{65} 25$ өрнегінің мәнін табыңдар:

A) $\dfrac{2b}{a+b}$; B) $\dfrac{a+b}{2b}$;

C) $\dfrac{2b}{a+b}$; D) $\dfrac{a+b}{b}$.

6. $y = -2^x + 1$ функциясының графигін анықтаңдар:

A)


B)


C)


D)


7. $27^{\log_3 2} + 28$ өрнегінің мәнін есептеңдер:

A) 12;   B) 18;

C) 36;   D) 3.

8. $y = \lg\dfrac{x+4}{2x-1}$ функциясының анықталу облысын табыңдар:

A) $(-\infty; -4] \cup (0{,}5; +\infty)$;   B) $(-4;\ 0{,}5)$;

C) $(-\infty; -4) \cup (0{,}5; +\infty)$;   D) $[-4;\ 0{,}5]$.

9. $y = \log_3(\sin 3x)$ функциясының $x = \dfrac{\pi}{18}$ нүктесіндегі туындысының мәнін есептеңдер:

A) $\dfrac{3}{\ln 3}$;   B) $\dfrac{\sqrt{3}}{\ln 3}$;   C) $\dfrac{1}{\sqrt{3}\ln 3}$;   D) $\dfrac{3\sqrt{3}}{\ln 3}$.

10. $y = 6xe^x$ функциясының $[1;\ 2]$ кесіндісіндегі ең үлкен және ең кіші мәнін табыңдар:

A) 6; 12;   B) $6e^2$; $12e$;

C) $6e$; $12e$;   D) $12e^2$; $6e$.

11. Абсциссасы $x = 1$ болатын нүкте арқылы өтетін $y = xe^{4x}$ функциясының графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңдар:

A) $5e^4x - 5e^4$;   B) $5e^4x$;

C) $5e^4x - 4e^4$;   D) $4e^4x - 5e^4$.

12. $\int_{1}^{3}\left(\frac{2}{x}-4^{x}\right)dx$ интегралының мәнін есептеңдер:

A) $2\ln3-\frac{68}{\ln4}$; B) $2\ln3+\frac{64}{\ln4}$;

C) $2\ln3-\frac{60}{\ln4}$; D) $\ln3-\frac{64}{\ln4}$.

13. $y=2^{x}$, $y=1$, $x=2$ қисықтарымен шектелген жазық фигураның ауданын табыңдар:

A) $2\ln2-2$; B) $\frac{3}{\ln2}-2$; C) $4\ln2-2$; D) $\ln2-2$.

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Көрсеткіштік функция және оның қасиеттері, тепе-тең түрлендірулер, теңдеу, теңдеудің түбірі, мәндес теңдеулер, теңдеулер және олардың жүйесін шешу тәсілдері, дәрежеге шығару, n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері.

V ТАРАУ КӨРСЕТКІШТІК ЖӘНЕ ЛОГАРИФМДІК ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕР

§ 16. КӨРСЕТКІШТІК ТЕҢДЕУЛЕР

Сендер көрсеткіштік теңдеу ұғымымен танысасыңдар.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Теңдеу, көрсеткіштік теңдеу, дәреженің негізі, дәреженің көрсеткіші, бөгде түбір, теңдеуді шешу

Сендер алдыңғы сыныптарда сызықтық, квадраттық, бөлшек-рационал және тригонометриялық теңдеулерді шешуді үйрендіңдер. Теңдеулердің кең таралған түрінің бірі — көрсеткіштік, яғни айнымалысы дәреженің көрсеткішінде берілген теңдеулер.

Анықтама.

$$a^{f(x)} = a^{g(x)},\ a > 0,\ a \neq 1 \qquad (1)$$

түрінде берілген немесе осы түрге келетін теңдеуді ***көрсеткіштік теңдеу*** *деп атайды.*

Мысалы, $2^x = 32$; $7^x + 3 \cdot 7^{1-x} = 6$; $5^x - 13^x + 8^x = 0$ көрсеткіштік теңдеулер.

Кез келген көрсеткіштік теңдеуді тепе-тең түрлендіру арқылы

$$a^x = b \qquad (2)$$

теңдеуіне келтіреміз, мұндағы $a > 0$, $a \neq 1$, ал b — кез келген сан.

(2) түрінде берілген теңдеуді *қарапайым көрсеткіштік теңдеу* деп атайды.

Көрсеткіштік функцияның мәні әр уақытта оң сан болғандықтан, (2) теңдеуінің оң жақ бөлігіндегі b саны да оң болуы қажет. Демек, $b < 0$ немесе $b = 0$ болса, онда (1)-теңдеудің шешімі жоқ, яғни түбірлері болмайды.

Енді көрсеткіштік теңдеулерді шешу тәсілдерін қарастырайық.

Сендер көрсеткіштік теңдеуді бірдей негізге келтіру әдісімен шешуді үйренесіңдер.

I. Көрсеткіштік теңдеудің екі жақ бөлігін де бірдей негізге келтіру.

Ол үшін (1)-теңдеудегі b санын a-ның қандай да бір дәрежесі ретінде түрлендіреміз: $b = a^m$. Сонда

$$a^x = a^m. \qquad (3)$$

Негіздері бірдей болғандықтан олардың дәреже көрсеткіштерін теңестіріп $x = m$, (1) теңдеудің көмегімен шешу әдісі белгілі $f(x) = g(x)$ теңдеуіне келтіреміз.

МЫСАЛ

1. 1) $5^x = 125$; 2) $\left(\frac{1}{3}\right)^x = 81$; 3) $2^{x^2-6x-2,5} = 16\sqrt{2}$; 4) $\left(\frac{2}{3}\right)^x \cdot \left(\frac{9}{8}\right)^x = \frac{27}{64}$ теңдеулерін шешейік.

Шешуі. 1) $5^x = 125$ теңдеуін шешу үшін $125 = 5^3$ екенін ескеріп, $5^x = 5^3$ теңдеуін аламыз және (3) теңдеу бойынша $x = 3$;

2) $81 = \left(\frac{1}{3}\right)^{-4}$ екенін ескерсек, $\left(\frac{1}{3}\right)^x = 81$ теңдеуі мәндес $\left(\frac{1}{3}\right)^x = \left(\frac{1}{3}\right)^{-4}$ теңдеуіне ауысады. Онда (3)-теңдеу бойынша $x = -4$;

3) $2^{x^2-6x-2,5} = 16\sqrt{2}$ теңдеуінің оң жақ бөлігіндегі $16\sqrt{2}$ санын рационал көрсеткішті дәреженің қасиетін қолданып негізі 2 болатын дәрежеге келтіреміз: $16\sqrt{2} = 2^4 \cdot 2^{\frac{1}{2}} = 2^{4,5}$. Сонда берілген теңдеудің түрі (3)-теңдеуге келеді: $2^{x^2-6x-2,5} = 2^{4,5}$. Ендеше $x^2 - 6x - 2,5 = 4,5$ немесе $x^2 - 6x - 7 = 0$, бұдан $x_1 = -1$, $x_2 = 7$;

4) $\left(\frac{2}{3}\right)^x \cdot \left(\frac{9}{8}\right)^x = \frac{27}{64}$ теңдеуінің екі жағын да бірдей негізге келтіру үшін, алдымен теңдеудің сол жақ бөлігіне көрсеткіштік функцияның $(ab)^x = a^x \cdot b^x$ қасиетін қолданамыз: $\left(\frac{2}{3} \cdot \frac{9}{8}\right)^x = \frac{27}{64}$ немесе $\left(\frac{3}{4}\right)^x = \left(\frac{3}{4}\right)^3$. Шыққан көрсеткіштік теңдеудің негіздері бірдей болғандықтан, $x = 3$.

Жауабы: 1) 3; 2) −4; 3) −1; 7; 4) 3.

Сендер көрсеткіштік теңдеуді ортақ көбейткішті жақшаның сыртына шығару арқылы шешуді үйренесіңдер.

II. Ортақ көбейткішті жақшаның сыртына шығару. Аталған тәсілде көрсеткіштік функция ортақ көбейткіш ретінде жақшаның сыртына шығарылып, берілген теңдеу қарапайым көрсеткіштік теңдеуге келтіріледі.

МЫСАЛ

2. 1) $6^{x+2} - 6^x = 210$; 2) $3^{3\cos x-1} + 3^{3\cos x-2} + 3^{3\cos x-3} = 13$;
3) $2^{\sqrt{x}+2} - 2^{\sqrt{x}+1} = 12 + 2^{\sqrt{x}-1}$ теңдеулерін шешейік.

Шешуі. 1) $6^{x+2} - 6^x = 210$ теңдеуіне түрлендіру жасайық: $6^x \cdot 6^2 - 6^x = 210$. Енді 6^x дәрежесін ортақ көбейткіш ретінде жақшаның сыртына шығарамыз:
$6^x \cdot (36 - 1) = 210$ немесе $6^x = 6$, бұдан $x = 1$.
2) $3^{3\cos x-1} + 3^{3\cos x-2} + 3^{3\cos x-3} = 13$ теңдеуін шешу үшін теңдеудің сол жақ бөлігіндегі ортақ көбейткішті жақшаның сыртына шығарамыз: $3^{3\cos x-3}(3^2 + 3 + 1) = 13$ немесе $3^{3\cos x-3} \cdot 13 = 13$. Соңғы теңдеудің екі жақ бөлігін де 13-ке қысқартамыз: $3^{3\cos x-3} = 1$ немесе $3^{3\cos x-3} = 3^0$. Сонда $3\cos x - 3 = 0$ немесе $\cos x = 1$ аламыз. Тригонометриялық теңдеуді шешудің дербес жағдайын қолданамыз: $x = 2\pi n$, $n \in Z$.

3) $2^{\sqrt{x}+2} - 2^{\sqrt{x}+1} = 12 + 2^{\sqrt{x}-1}$ теңдеуіндегі $2^{\sqrt{x}-1}$ қосылғышын теңдеудің оң жақ бөлігіне көшіреміз: $2^{\sqrt{x}+2} - 2^{\sqrt{x}+1} - 2^{\sqrt{x}-1} = 12$. Енді $2^{\sqrt{x}-1}$ ортақ көбейткішті жақшаның сыртына шығарамыз: $2^{\sqrt{x}-1}(2^3 - 2^2 - 1) = 12$ немесе $2^{\sqrt{x}-1} = 4$, $2^{\sqrt{x}-1} = 2^2$, онда $\sqrt{x} - 1 = 2$ немесе $\sqrt{x} = 3$. Шыққан иррационал теңдеуді шешіп, $x = 9$ аламыз.

Жауабы: 1) 1; 2) $x = 2\pi n$, $n \in Z$; 3) 9.

Сендер көрсеткіштік теңдеуді жаңа айнымалыны енгізу әдісімен шешуді үйренесіңдер.

III. Жаңа айнымалы енгізу арқылы шешу тәсілі. Көрсеткіштік функцияны жаңа айнымалы арқылы белгілеп, теңдеуді шешу әдісі.

МЫСАЛ

3. $4^x + 2^{x+1} = 80$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. $4^x + 2^{x+1} = 80$ теңдеуіндегі $4^x = (2^x)^2$ екенін ескерсек, $(2^x)^2 + 2 \cdot 2^x - 80 = 0$ квадрат теңдеуін аламыз. $2^x = a$ жаңа айнымалысын енгізсек, $a^2 + 2a - 80 = 0$ теңдеуі шығады. Оның түбірлері $a_1 = 8$, $a_2 = -10$. Ендеше $2^x = 8$, $2^x = 2^3$, $x = 3$. Көрсеткіштік функцияның мәндер жиыны тек оң сандар болғандықтан, $2^x = -10$ теңдеуінің шешімі жоқ.

Жауабы: 3.

Сендер көрсеткіштік теңдеудің екі жақ бөлігін көрсеткіштік функцияға бөлу арқылы шешуді үйренесіңдер.

IV. Теңдеудің екі жақ бөлігін көрсеткіштік функцияға бөлу. Кейбір көрсеткіштік теңдеулерде екі немесе одан да көп көрсеткіштік функциялар берілуі мүмкін. Ондай жағдайда көрсеткіштік функцияның мәні нөлге тең болмайтынын ескеріп, теңдеудің екі жақ бөлігін де көрсеткіштік функцияға мүшелеп бөле отырып, оны шешу жолы белгілі теңдеуге келтіреміз.

МЫСАЛ

4. $3 \cdot 16^x + 37 \cdot 36^x = 26 \cdot 81^x$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. Көрсеткіштік функцияның қасиеттерін қолданып теңдеудегі 16^x; 36^x; 81^x өрнектерін түрлендіреміз: $16^x = 2^{4x}$, $36^x = 2^{2x} \cdot 3^{2x}$, $81 = 3^{4x}$. Сонда берілген теңдеу $3 \cdot 2^{4x} + 37 \cdot 2^{2x} \cdot 3^{2x} = 26 \cdot 3^{4x}$ түріне келеді. Енді көрсеткіштік функцияның мәні нөлге тең болмайтынын ескеріп, теңдеудің екі жақ бөлігін 3^{4x} дәрежесіне мүшелеп бөлейік: $3 \cdot \left(\frac{2}{3}\right)^{4x} + 37 \cdot \left(\frac{2}{3}\right)^{2x} = 26$. $\left(\frac{2}{3}\right)^{2x} = t$ айнымалысын енгізіп, $3t^2 + 37t - 26 = 0$ квадрат теңдеуін аламыз. Оның түбірлері $t_1 = \frac{2}{3}$, $t_2 = -13$. Көрсеткіштік функцияның мәндер жиыны тек оң сандар болғандықтан, $\left(\frac{2}{3}\right)^{2x} = \frac{2}{3}$ көрсеткіштік теңдеуін ғана шешеміз. Бұдан $2x = 1$ немесе $x = 0,5$.

Жауабы: 0,5.

V. Графиктік тәсілді қолдану. Аталған тәсіл (2) түріндегі көрсеткіштік теңдеуді, $a^x = b$ теңдеуін (3) түріндегі теңдеумен алмастыруға болмайтын жағдайда қолданылады. Мұндай теңдеудің түбірін табу үшін $f(x) = a^x$ және $g(x) = b$ функцияларының графиктерін бір координаталық жазықтыққа салып, қиылысу нүктелерін табамыз. Қиылысу нүктелерінің абсциссалары берілген көрсеткіштік теңдеудің түбірлері болады.

МЫСАЛ

5. $2^x = 5$ теңдеуі түбірлерінің санын анықтайық.

Шешуі. 5 санын 2 санының дәрежесі түрінде жазуға болмайды, яғни берілген теңдеу (3) теңдеуге келтірілмейді. Сондықтан $2^x = 5$ теңдеуін графиктік тәсілмен шешеміз. Ол үшін $y = 2^x$ және $y = 5$ функцияларының графиктерін бір координаталық жазықтыққа саламыз (50-сурет). Жүргізілген сызықтар бір ғана нүктеде қиылысады. Демек, берілген теңдеудің бір ғана түбірі бар.

Жауабы: бір түбір.



50-сурет

Сендер көрсеткіштік теңдеулер жүйесі ұғымымен танысасыңдар, көрсеткіштік теңдеулер жүйесін шешуді үйренесіңдер.

Көрсеткіштік теңдеулер жүйесін шешуді қарастырайық.

Анықтама. *Құрамында көрсеткіштік теңдеуі бар теңдеулер жүйесін* ***көрсеткіштік теңдеулер жүйесі*** *деп атаймыз.*

Көрсеткіштік теңдеулер жүйесін шешу үшін көрсеткіштік функцияның қасиеттері, көрсеткіштік теңдеулер және теңдеулер жүйесін шешудің тәсілдері қолданылады.

Осыған мысалдар қарастырайық.

МЫСАЛ

6. $\begin{cases} x + y = 5, \\ 4^x + 4^y = 80 \end{cases}$ теңдеулер жүйесін шешейік.

Шешуі. Берілген теңдеулер жүйесін шешу үшін алмастыру тәсілін қолданып, мәндес теңдеулер жүйесін аламыз:

$$\begin{cases} y = 5 - x, \\ 4^x + 4^y = 80. \end{cases}$$

Осыдан $4^x + 4^{5-x} = 80$ немесе $4^x + \dfrac{1024}{4^x} - 80 = 0$ теңдеуі шығады, бұдан $(4^x)^2 - 80 \times$ $\times 4^x + 1024 = 0$. Енді $4^x = z$ деп алып, $z^2 - 80z + 1024 = 0$ квадрат теңдеуін шешеміз. Шыққан квадрат теңдеудің түбірлері $z_1 = 16$ және $z_2 = 64$. Сонда $4^x = 16$ және $4^x = 64$. Демек, $x_1 = 2$, $x_2 = 3$, онда сәйкесінше $y_1 = 3$, $y_2 = 2$.

Жауабы: (3; 2), (2; 3).

МЫСАЛ

7. $\begin{cases} 3 \cdot 2^x + 2 \cdot 3^y = \dfrac{11}{4}, \\ 2^x - 3^y = -\dfrac{3}{4} \end{cases}$ теңдеулер жүйесін шешейік.

Шешуі. Теңдеулер жүйесінде екі көрсеткіштік функция берілген. Алдымен жаңа айнымалылар енгізейік: $2^x = u$, $3^y = \upsilon$. Нәтижесінде екі белгісізі бар сызықтық теңдеулер жүйесін аламыз: $\begin{cases} 3u + 2\upsilon = \dfrac{11}{4}, \\ 2u - 2\upsilon = -\dfrac{3}{2}. \end{cases}$

Шыққан теңдеулер жүйесіне алгебралық қосу тәсілін қолданайық. Онда $5u = \dfrac{5}{4}$ немесе $u = \dfrac{1}{4}$. u-дың мәнін жүйенің бірінші теңдеуіне қойсақ, $2\upsilon = \dfrac{11}{4} - \dfrac{3}{4} = 2$, $\upsilon = 1$.

Сонда $2^x = \dfrac{1}{4}$, $3^y = 1$ көрсеткіштік теңдеулері шығады. Оларды шешіп, $x = -2$, $y = 0$ аламыз.

Жауабы: $(-2; 0)$.

?

1. $5^{2x} = -7$, $2^{3x} = 9$ теңдеулерінің түбірлері бар ма? Түбірлері болған жағдайда теңдеуді қандай тәсілмен шығару керек?
2. Көрсеткіштік теңдеудің бөгде түбірінің болуы мүмкін бе? Жауабын түсіндіріңдер.
3. Көрсеткіштік теңдеулерді шешкенде жаңа айнымалы енгізу тәсілін қандай мақсатпен қолданамыз? Жауабын түсіндіріңдер.

Жаттығулар

A

Теңдеулерді шешіңдер (**16.1—16.6**):

16.1. 1) $5^x = 625$; 2) $2^x = 1024$;

3) $3^x = 729$; 4) $7^x = \dfrac{1}{343}$.

16.2. 1) $2^{x+3} = 64$; 2) $3^{\frac{x}{2}} = 27$;

3) $\sqrt{2^x} \cdot \sqrt{3^x} = 216$; 4) $\sqrt[4]{7^x} = \sqrt[5]{343}$.

16.3. 1) $3^{x+2} - 3^x = 72$; 2) $2^x - 2^{x-4} = 15$;

3) $3^{x-3} + 3^{x-2} + 3^{x-1} = 3159$;

4) $2 \cdot 3^{x+3} - 5 \cdot 3^{x-2} = 1443$.

16.4. 1) $3^{x^2+1}+3^{x^2-1}=270$;

2) $2^{12x-1}-4^{6x-1}+8^{4x-1}-16^{3x-1}=1280$;

3) $2^{x^2+x-6}-2^{x^2+x-9}=56$;

4) $10^x-5^{x-1}\cdot 2^{x-2}=950$.

16.5. 1) $\left(\frac{1}{0,125}\right)^x=128$; 2) $5^{x^2+x-5}=\frac{1}{125}$;

3) $(0,5)^{x^2-9x+17,5}=\frac{8}{\sqrt{2}}$; 4) $(0,5)^{x^2-2x-2}=\frac{1}{64}$.

16.6. 1) $5^{2x^2-x}=6^{2x^2-x}$; 2) $8\cdot 7^{x^2-5x+7}=7\cdot 8^{x^2-5x+7}$;

3) $0,6^x\cdot\left(\frac{25}{9}\right)^{x^2-12}=\left(\frac{27}{125}\right)^3$; 4) $\left(\frac{5}{3}\right)^{x+1}\cdot\left(\frac{9}{25}\right)^{x^2+2x-11}=\left(\frac{125}{27}\right)^3$.

16.7. Теңдеуді графиктік тәсілмен шешіңдер:

1) $2^x=3$; 2) $0,2^x=5$; 3) $6^x=-1$;

4) $\left(\frac{1}{6}\right)^{x+1}=4$; 5) $7^{-x}=-2$; 6) $4^{x-1}=4,4$.

Теңдеулер жүйесін шешіңдер (**16.8-16.9**):

16.8. 1) $\begin{cases}5^{x+y}=125,\\3^{(x-y)^2-1}=1;\end{cases}$ 2) $\begin{cases}3^x+3^y=12,\\6^{x+y}=216;\end{cases}$

3) $\begin{cases}4^{x+y}=128,\\5^{3x-2y-3}=1;\end{cases}$ 4) $\begin{cases}3^{2x-y}=\frac{1}{81},\\3^{x-y+2}=27.\end{cases}$

16.9. 1) $\begin{cases}4^{x+y}=16,\\4^{x+2y-1}=1;\end{cases}$ 2) $\begin{cases}6^{2x-y}=\sqrt{6},\\2^{y-2x}=\frac{1}{\sqrt{2}};\end{cases}$

3) $\begin{cases}5^{2x+y}=125,\\7^{3x-2y}=7;\end{cases}$ 4) $\begin{cases}3^{4x-3y}=27\sqrt{3},\\2^{4y+x}=\frac{1}{2\sqrt{2}}.\end{cases}$

B

Теңдеулерді шешіңдер (**16.10—16.14**):

16.10. 1) $2^{x^2-6x+0,5}=\frac{1}{16\sqrt{2}}$; 2) $16\sqrt[5]{8^{x^2-3x-5}}=128$;

3) $\left(\frac{9}{16}\right)^{x+1}\cdot\left(\frac{4}{3}\right)^{2x^2+5x}=\left(\frac{64}{27}\right)^3$; 4) $3^{x+1}\cdot 4^x=0,25\cdot 12^{3x-1}$.

16.11. 1) $\sqrt{3^{x-54}} - 7 \cdot \sqrt{3^{x-58}} = 162$;

2) $5^{2x-1} + 4^x = 5^{2x} - 4^{x+1}$;

3) $6^x + 6^{x+1} = 2^x + 2^{x+1} + 2^{x+2}$;

4) $9^x - 2^{x+0,5} = 2^{x+3,5} - 3^{2x-1}$.

16.12. 1) $5^{x-3} - 5^{x-4} = 16 \cdot 5^{x-5} + 4$;

2) $4^x - 3^{x-0,5} = 3^{x+0,5} - 2^{2x-1}$;

3) $2^{x^2-1} - 3^{x^2} = 3^{x^2-1} - 2^{x^2+2}$;

4) $5^{2x} - 7^x - 35 \cdot 5^{2x} + 35 \cdot 7^x = 0$.

16.13. 1) $x \cdot 3^{x-1} + 3 \cdot 3^{\sqrt{3-x}} = 3^x + x \cdot 3^{\sqrt{3-x}}$;

2) $x^2 \cdot 4^{\sqrt{6-x}} = 16 \cdot 4^{\sqrt{6-x}}$;

3) $8^x + 18^x = 2 \cdot 27^x$;

4) $10^{1+x^2} - 10^{1-x^2} = 99$.

16.14. 1) $2^{x^2-3} \cdot 5^{x^2-3} = 0,01 \cdot (10^{x-1})^3$;

2) $32^{\frac{x+5}{x-7}} = 0,25 \cdot 128^{\frac{x+17}{x-3}}$;

3) $2 \cdot 3^{x-1} - 3^{x-2} = 5^{x-2} + 4 \cdot 5^{x-3}$;

4) $8^x - 4^{x+0,5} - 2^x + 2 = 0$.

Теңдеулер жүйесін шешіңдер (**16.15—16.17**):

16.15. 1) $\begin{cases} 3^x \cdot 5^y = 75, \\ 3^y \cdot 5^x = 45; \end{cases}$ 2) $\begin{cases} 3^{3x} = 3^{7-y}, \\ \dfrac{1}{x} + 2 = \dfrac{12}{y} \end{cases}$.

16.16. 1) $\begin{cases} 2^x + 3^y - 31 = 0, \\ 2^x + 23 = 3^y; \end{cases}$ 2) $\begin{cases} 5^x - 2 \cdot 3^y + 13 = 0, \\ 2 \cdot 5^x - 19 = -3^y. \end{cases}$

16.17. 1) $\begin{cases} 7^x + 11^y = 18, \\ 4 \cdot 7^x - 11^y = 3; \end{cases}$ 2) $\begin{cases} 13^x + 2 \cdot 3^y = 67, \\ 13^x + 14 = 3^y. \end{cases}$

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Логарифм және оның негізгі қасиеттері, логарифмдік функция, оның анықталу облысы, теңдеулер, мәндес теңдеулер, теңдеулер жүйесі, теңдеулер және олардың жүйесін шешу жолдары.

§ 17. ЛОГАРИФМДІК ТЕҢДЕУЛЕР

Сендер логарифмдік теңдеу ұғымымен танысасыңдар, логарифмдік теңдеуді шешуді үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Теңдеу, логарифмдік теңдеу, санның логарифмі, логарифмнің негізі, логарифм астындағы өрнек, айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны, теңдеуді шешу

Анықтама.

$$\log_a f(x) = \log_a g(x) \ (a > 0,\ a \neq 1,$$
$$f(x) > 0,\ g(x) > 0) \qquad (1)$$

*түрінде берілген немесе осы түрге келетін теңдеуді **логарифмдік теңдеу** деп атайды.*

Логарифмдік теңдеуді шешу үшін:

1) теңдеудің екі жақ бөлігін бірдей негізге келтіру;
2) жаңа айнымалы енгізу;
3) потенциалдау керек.

МЫСАЛ

1. $\log_5(2 - x) = 2$ теңдеуінің түбірлерін табайық.

Шешуі. Алдымен логарифмдік теңдеудің оң жақ бөлігіндегі 2 санын негізі 5 болатын логарифммен ауыстырамыз. Сонда $\log_5(2 - x) = \log_5 25$. Потенциалдау арқылы $2 - x = 25$ теңдеуіне келеміз. Теңдеудің түбірі $x = -23$. Енді шыққан түбірді берілген теңдеуге қойып, теңдеуді қанағаттандыратынына көз жеткіземіз.

Жауабы: -23.

Жалпы, логарифмдік теңдеулерді шешкенде логарифмдік функцияның анықталу облысы оң сандар екенін ескеріп, x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиынын тауып алуға болады. Содан кейін теңдеуді шешіп, түбірлердің мүмкін болатын мәндер жиынына тиістілігін тексерсек жеткілікті.

МЫСАЛ

2. $\log_3(x^2 - 3x - 4) = \log_3(2x - 4)$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. Алдымен x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиынын табамыз. Ол үшін логарифмдік функцияның анықталу облысы тек қана оң сандар екенін ескеріп

$$\begin{cases} x^2 - 3x - 4 > 0, \\ 2x - 4 > 0 \end{cases} \text{ немесе } \begin{cases} (x + 1)(x - 4) > 0, \\ x > 2 \end{cases}$$



51-сурет

теңсіздіктер жүйесін аламыз.

Теңсіздіктер жүйесінің әрбір теңсіздігінің шешімін координаталар түзуіне кескіндеп, оларға ортақ бөлікті табамыз (51-сурет).

Демек, шешімі мүмкін болатын жиын $(4; +\infty)$ интервалы.
Берілген теңдеуді потенциалдасақ, $x^2 - 3x - 4 = 2x - 4$ теңдеуі шығады, осыдан $x^2 - 5x = 0$ және $x_1 = 0$, $x_2 = 5$. Шыққан түбірлердің $(4; +\infty)$ интервалына тиістілігін тексереміз. Сонда берілген логарифмдік теңдеудің түбірі $x = 5$, ал $x = 0$ бөгде түбір болады.

Жауабы: 5.

МЫСАЛ 3. $\log_2 (2x + 8) + \log_2(2x + 3) = \log_2 (2 - 4x)$ теңдеуінің түбірлерін табайық.

Шешуі. x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиынын табайық: $\begin{cases} 2x + 8 > 0, \\ 2x + 3 > 0, \\ 2 - 4x > 0 \end{cases}$

немесе $\begin{cases} x > -4, \\ x > -\dfrac{3}{2}, \\ x < \dfrac{1}{2}. \end{cases}$

Теңсіздіктер жүйесінің әрбір теңсіздігінің мәндер жиынын координаталық түзуге түсірейік.

Сонда x айнымалысының мәні $-\dfrac{3}{2} < x < \dfrac{1}{2}$ теңсіздігін қанағаттандыру керек (52-сурет).

Берілген логарифмдік теңдеуді (1)-теңдеу түріне келтірейік. Ол үшін теңдеудің сол жақ бөлігіне логарифмнің қасиетін қолданамыз:

$$\log_2(2x + 8) + \log_2(2x + 3) = \log_2[(2x + 8)(2x + 3)],$$
$$\log_2[(2x + 8)(2x + 3)] = \log_2(2 - 4x).$$



52-сурет

Потенциалдау арқылы соңғы теңдеуге мәндес теңдеу аламыз:

$$(2x + 8)(2x + 3) = 2 - 4x, \text{ осыдан } 2x^2 + 13x + 11 = 0.$$

Бұл теңдеудің түбірлері $x_1 = -5{,}5$ және $x_2 = -1$. $x = -5{,}5$ бөгде түбір, себебі x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиынына тиісті емес. Сондықтан берілген теңдеудің түбірі $x = -1$ болады.

Жауабы: -1.

МЫСАЛ 4. $\log_7(x-2) - \log_7(x+2) = 1 - \log_7(2x-7)$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. Алдымен x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиынын табайық. Ол үшін

$\begin{cases} x - 2 > 0, \\ x + 2 > 0, \\ 2x - 7 > 0 \end{cases}$ немесе $\begin{cases} x > 2, \\ x > -2, \\ x > 3{,}5 \end{cases}$

теңсіздіктер жүйесін шешеміз.

53-суретте көрсетілгендей x айнымалысының мәні $x > 3{,}5$ теңсіздігін қанағаттандыруы керек.



53-сурет

Логарифмнің қасиеттерін қолданып берілген теңдеуден мына теңдеуді аламыз:

$$\log_7 \frac{x-2}{x+2} = \log_7 \frac{7}{2x-7}.$$

Негіздері бірдей болғандықтан потенциалдау арқылы $\frac{x-2}{x+2} = \frac{7}{2x-7}$ теңдеуін аламыз. Осыдан $(x-2)(2x-7) = 7(x+2)$ немесе $2x^2 - 18x = 0$, ал оның түбірлері $x_1 = 0$ және $x_2 = 9$.

$x_1 = 0$ бөгде түбір, ал $x_2 = 9$ түбірі x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиынына, яғни $(3,5; +\infty)$ аралығына тиісті. Сондықтан берілген теңдеудің шешімі $x = 9$.

Жауабы: 9.

МЫСАЛ

5. $\log_5(x^2+8) = \log_5(x+1) + 3\log_5 2$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиынын табу үшін мына теңсіздіктер жүйесін қарастырамыз:

$$\begin{cases} x^2+8>0, \\ x+1>0. \end{cases}$$

$x^2+8>0$ теңсіздігі x-тің кез келген мәнінде орындалады. Демек, x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиыны $(-1; +\infty)$ интервалы. Логарифмнің қасиеттерін қолданып теңдеудің оң жақ бөлігін түрлендіреміз: $\log_5(x^2+8) = \log_5(x+1) + \log_5 8$ немесе $\log_5(x^2+8) = \log_5(8(x+1))$.

Осы теңдеуді потенциалдасақ, $x^2+8 = 8(x+1)$ немесе $x^2 - 8x = 0$ аламыз және оның түбірлері $x_1 = 0$, $x_2 = 8$. x-тің бұл екі мәні де $(-1; +\infty)$ интервалына тиісті.

Жауабы: 0; 8.

МЫСАЛ

6. $x^{\log_6 x - 1} = 36$ теңдеуінің түбірлерін табайық.

Шешуі. Берілген теңдеуді тепе-тең түрлендіру арқылы (1) теңдеуіне келтіреміз. Ол үшін берілген теңдеудің екі жағын бір негізде логарифмдейміз: $\log_6 x^{\log_6 x - 1} = \log_6 36$ немесе $(\log_6 x - 1)\log_6 x = 2$ немесе $\log_6^2 x - \log_6 x - 2 = 0$. Енді $\log_6 x = u$ деп алсақ, $u^2 - u - 2 = 0$ теңдеуіне келеміз. Оның түбірлері $u_1 = -1$; $u_2 = 2$. Олай болса $\log_6 x = -1$; $\log_6 x = 2$ теңдеулері шығады. $\log_6 x = -1$, $x_1 = \frac{1}{6}$; $\log_6 x = 2$, $x_2 = 36$. x айнымалысының мүмкін болатын мәндер жиыны $(0; +\infty)$ аралығы екенін ескеріп, x-тің екі мәнін де берілген логарифмдік теңдеудің түбірі ретінде аламыз.

Жауабы: $\frac{1}{6}$; 36.

! Сендер логарифмдік теңдеулер жүйесін шешуді үйренесіңдер.

Логарифмдік теңдеулер жүйесін шешуді қарастырайық.

Анықтама. *Құрамында логарифмдік теңдеулері бар теңдеулер жүйесін* ***логарифмдік теңдеулер жүйесі*** *деп атайды.*

Логарифмдік теңдеулер жүйесін шешу үшін теңдеулер жүйесі және логарифмдік теңдеулерді шешу тәсілі қолданылады.

МЫСАЛ 7. $\begin{cases} x + y = 34, \\ \log_2 x + \log_2 y = 6 \end{cases}$ жүйесін шешейік.

Шешуі. x және y айнымалыларының мүмкін болатын мәндер жиыны оң сандар. Логарифмнің қасиеттерін қолданып берілген жүйені түрлендіреміз. Сонда $\begin{cases} x + y = 34, \\ \log_2 (xy) = \log_2 64 \end{cases}$ теңдеулер жүйесін аламыз, ал шыққан теңдеулер жүйесі мына жүйемен мәндес:

$$\begin{cases} x + y = 34, \\ xy = 64. \end{cases}$$

Соңғы теңдеулер жүйесінен $x^2 - 34x + 64 = 0$ квадрат теңдеуін аламыз. Оның түбірлері $x_1 = 2$ және $x_2 = 32$ және оған сәйкесінше $y_1 = 32$ және $y_2 = 2$. Табылған (2; 32) және (32; 2) сандар жұбы берілген теңдеулер жүйесін қанағаттандырады.

Жауабы: (2; 32) немесе (32; 2).

МЫСАЛ 8. $\begin{cases} \lg(2x - y) + 1 = \lg(y + 2x) + \lg 6, \\ 2\log_3 (x - y) = \log_3 (y + 2) \end{cases}$ теңдеулер жүйесін шешейік.

Шешуі. Жүйенің теңдеулерін тепе-тең түрлендіріп,
$\begin{cases} \lg(2x - y) + \lg 10 = \lg(y + 2x) + \lg 6, \\ \log_3 (x - y)^2 = \log_3 (y + 2) \end{cases}$ немесе $\begin{cases} \lg[(2x - y) \cdot 10] = \lg[(y + 2x) \cdot 6], \\ \log_3 (x - y)^2 = \log_3 (y + 2) \end{cases}$

немесе $\begin{cases} x = 2y, \\ (x - y)^2 = y + 2 \end{cases}$ теңдеулер жүйесіне келтіреміз.

Алмастыру тәсілін қолданып, соңғы жүйенің екінші теңдеуінің орнына $y^2 - y - 2 = 0$ аламыз. Осыдан $y_1 = -1$, $y_2 = 2$ және осыған сәйкес $x_1 = -2$, $x_2 = 4$ түбірлерін табамыз. Енді (−2; −1), (4; 2) мәндерін берілген теңдеулер жүйесіне қойып тексерсек, (−2; −1) түбірінің бөгде түбір болатынына көз жеткіземіз.

Жауабы: (4; 2).

1. Берілген теңдеудегі логарифмдік функциялардың анықталу облысын табу міндетті ме?
2. Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулерді шешудің ортақ тәсілдерін атаңдар.
3. Қандай жағдайда x айнымалысының мәні логарифмдік теңдеудің шешімі болмайды? Жауабын түсіндіріңдер.

Жаттығулар

А

Теңдеулерді шешіңдер (**17.1 — 17.5**):

17.1. 1) $\log_7 x = 2$; 2) $\log_{\frac{2}{3}} x = 3$;

3) $\log_5 x = -3$; 4) $\log_{\frac{4}{7}} x = -2$.

17.2. 1) $\log_{\frac{1}{8}}(x-4) = -1$; 2) $\log_{2,5}(x+2) = 1$;

3) $\lg x = -2$; 4) $\ln x = 1$.

17.3. 1) $\log_2(x^2 - 2x) = 3$; 2) $\log_{\frac{1}{5}}(4x + x^2) = -1$;

3) $\log_{0,5}(x^3 + 1) = -1$; 4) $\lg(7x - x^2) = 1$.

17.4. 1) $\log_{3,2}(2 - x) = \log_{3,2}(3x + 6)$; 2) $\log_{0,8}(1 + 2x) = \log_{0,8}(4x - 10)$;

3) $\log_2(x-6) + \log_2(x-8) = 3$; 4) $\log_8(x-2) - \log_8(x-3) = \frac{1}{3}$.

17.5. 1) $\lg(5 - x) = \frac{1}{3}\lg(35 - x^3)$;

2) $\log_2 \frac{x-5}{x+5} + \log_2(x+5) = 0$;

3) $\log_{\sqrt{5}}(4x - 6) - 2 = \log_{\sqrt{5}}(2x - 5)$;

4) $\log_2(3x - 6) - 1 = \log_2(9x - 19)$.

17.6. Теңдеулер жүйесін шешіңдер:

1) $\begin{cases} x - y = 8, \\ \log_3 x + \log_3 y = 2; \end{cases}$ 2) $\begin{cases} x - y = 14, \\ \log_{\frac{1}{2}} x + \log_{\frac{1}{2}} y = -1; \end{cases}$

3) $\begin{cases} \log_4 x - \log_4 y = 1, \\ x + y = 20; \end{cases}$ 4) $\begin{cases} \lg x - \lg y = 0, \\ 2x - y = 10. \end{cases}$

B

Теңдеулерді шешіңдер (**17.7 — 17.11**):

17.7. 1) $\log_7(x-2) + \log_7(x+2) = \log_7(4x+41)$;

2) $\log_4(x+1) - \log_4(1-x) = \log_4(2x+3)$;

3) $\log_4(x+3) - \log_4(x-1) = 2 - \log_4 8$;

4) $\lg(x-1) + \lg(x+1) = 3\lg 2 + \lg(x-2)$.

17.8. 1) $2\log_3(x-2) + \log_3(x-4)^2 = 0$; 2) $2\lg x - \lg 4 + \lg(5 - x^2) = 0$;

3) $\lg(x(x+9)) + \lg\frac{x+9}{x} = 0$; 4) $\frac{\lg\sqrt{x+7} - \lg 2}{\lg 8 - \lg(x-5)} = -1$.

17.9. 1) $3\lg^2(x-1) - 10\lg(x-1) + 3 = 0$;

2) $\frac{1}{5 - \lg x} + \frac{2}{1 + \lg x} = 1$;

3) $\lg^2(100x) + \lg^2(10x) = 14 + \lg\frac{1}{x}$;

4) $\lg^2 x - 2\lg x = \lg^2 100 - 1$.

17.10. 1) $\log^2_{\frac{1}{2}}(4x)+\log_2\frac{x^2}{8}=8$; 2) $\log^2_2 x^5-5\log_2 x^3=10$;

3) $\lg(10x)\cdot\lg(0{,}1\cdot x)=\lg x^3-3$; 4) $\frac{1-\lg^2(x^2)}{\lg x-2\lg^2 x}=4\lg x+5$.

17.11. 1) $\log_2\sqrt[3]{x}+\sqrt[3]{\log_2 x}=\frac{4}{3}$; 2) $\log^2_2(2x)=4\log_2 x$;

3) $\log_3(3^{x+1}+3^x)=\log_3 324$; 4) $\lg(x^2)+\lg(-x)=9$.

Теңдеулер жүйесін шешіңдер (17.12-17.13):

17.12. 1) $\begin{cases}\lg x+\lg 2=\lg y,\\ 3x-2y=-2;\end{cases}$

2) $\begin{cases}\log_2(x+y)+\log_2(x^2-xy+y)=1,\\ x-y=0;\end{cases}$

3) $\begin{cases}\left(\frac{2}{3}\right)^{2x-y}-\frac{4}{9}=0,\\ \lg(3x-y)-4\lg 2=0;\end{cases}$ 4) $\begin{cases}\frac{1}{x}-\frac{1}{y}=\frac{2}{15},\\ \log_3 x+\log_3 y=1+\log_3 5.\end{cases}$

17.13. 1) $\begin{cases}\lg(x-y)=2,\\ \lg x=\lg 3+\lg y;\end{cases}$ 2) $\begin{cases}x=2y,\\ \log_3(x-y)+\log_3(x+y)=1;\end{cases}$

3) $\begin{cases}\log_4 x-\log_4 y=0,\\ x^2-5y^2+4=0;\end{cases}$

4) $\begin{cases}1+\log_2 y=\log_2(x+y),\\ \log_2(x+y)+\log_2(x^2-xy+y^2)=1.\end{cases}$

ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТІРЕК ҰҒЫМДАР

Дәреже, дәреженің негізі мен көрсеткіші, көрсеткіштік функция және оның қасиеттері мен графигі, теңсіздік, теңсіздікті шешу тәсілдері, интервалдар әдісі.

§ 18. КӨРСЕТКІШТІК ТЕҢСІЗДІКТЕР

Сендер көрсеткіштік теңсіздіктерді шешуді үйренесіңдер.

ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

Теңсіздік, көрсеткіштік теңсіздік, дәреженің негізі, дәреженің көрсеткіші, мәндестік, айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны, теңсіздікті шешу

Алдыңғы параграфтарда сендер көрсеткіштік функция ұғымымен танысып, көрсеткіштік теңдеулер және олардың жүйесін шешу дағдысын қалыптастырдыңдар. Енді көрсеткіштік теңсіздікті шешу тәсілдерін қарастырайық.

Анықтама.

$$a^{f(x)} > a^{g(x)} \ (a^{f(x)} < a^{g(x)};\ a^{f(x)} \geqslant a^{g(x)};\ a^{f(x)} \leqslant a^{g(x)}),\ a > 0,\ a \neq 1 \qquad (1)$$

түрінде берілген немесе осы түрге келетін теңсіздік ***көрсеткіштік теңсіздік*** *деп аталады.*

Көрсеткіштік теңсіздікті шешу үшін мына теореманы қолданамыз.

Теорема. *Егер $a > 1$ болса, онда $a^{f(x)} > a^{g(x)}$ теңсіздігі $f(x) > g(x)$ теңсіздігімен; егер $0 < a < 1$ болса, онда $a^{f(x)} > a^{g(x)}$ теңсіздігі $f(x) < g(x)$ теңсіздігімен мәндес болады.*

Дәлелдеу. Теореманы дәлелдеу үшін (1)-теңсіздіктің екі жағын $a^{g(x)}$ өрнегіне бөліп, $\dfrac{a^{f(x)}}{a^{g(x)}} > 1$ теңсіздігін аламыз.

Соңғы теңсіздікті $a^{f(x)-g(x)} > 1$ теңсіздігіне келтіреміз. Енді $f(x) - g(x) = t$ белгілеуін енгізсек, $a^t > 1$ теңсіздігі шығады. Осы теңсіздікті шешу үшін $a > 1$ және $0 < a < 1$ екі жағдайын қарастырсақ жеткілікті.

Егер $a > 1$ болса, онда $a^t > 1$ теңсіздігі орындалу үшін $t > 0$ болуы қажет, яғни $f(x) - g(x) > 0$. Бұдан $f(x) > g(x)$.

Егер $0 < a < 1$ болса, онда $a^t > 1$ теңсіздігі орындалу үшін $t < 0$ болуы керек, яғни $f(x) - g(x) < 0$. Демек, $f(x) < g(x)$.

Мысалдар қарастырайық.

МЫСАЛ 1. 1) $3^{3x-5} > 81$; 2) $\left(\frac{1}{2}\right)^{2x-4} < \frac{1}{\sqrt{2}}$; 3) $0{,}98^{x^2+3} < 0{,}98^{6x-5}$;
4) $2^{x^2+7} > 2^{8x}$ теңсіздігін шешейік.

Шешуі. 1) $3^{3x-5} > 81$ теңсіздігінің екі жағын бірдей негізге келтіреміз: $3^{3x-5} > 3^4$. Соңғы теңсіздікте $3 > 1$ болғандықтан, теорема бойынша $3x - 5 > 4$ немесе $x > 3$;

2) $\left(\frac{1}{2}\right)^{2x-4} < \frac{1}{\sqrt{2}}$ теңсіздігінің оң жақ бөлігіндегі санды $\frac{1}{2}$ негізіне келтіріп, оған мәндес теңсіздік аламыз: $\left(\frac{1}{2}\right)^{2x-4} < \frac{1}{2^{\frac{1}{2}}}$ немесе $\left(\frac{1}{2}\right)^{2x-4} < \left(\frac{1}{2}\right)^{\frac{1}{2}}$. Шыққан теңсіздіктің негізі $0 < \frac{1}{2} < 1$ болғандықтан, теорема бойынша $2x - 4 > \frac{1}{2}$.

Осыдан $2x > 4{,}5$ немесе $x > 2{,}25$;

3) $0{,}98^{x^2+3} < 0{,}98^{6x-5}$ теңсіздігінің негіздері бірдей және $0 < 0{,}98 < 1$. Демек, теорема бойынша $x^2 + 3 > 6x - 5$ немесе $x^2 - 6x + 8 > 0$. Соңғы теңсіздікті интервалдар әдісімен шығарсақ, $x < 2$, $x > 4$ (54-сурет) немесе $(-\infty;\ 2] \cup [4;\ +\infty)$ шешімдер жиынын аламыз:



54-сурет

4) $2^{x^2+7} < 2^{8x}$ теңсіздігінің негіздері бірдей және 1-ден артық, сондықтан берілген теңсіздік $x^2 + 7 < 8x$ теңсіздігімен мәндес немесе $x^2 - 8x + 7 < 0$. Соңғы теңсіздікке интервалдар әдісін қолданып $x \in (1; 7)$ аламыз (55-сурет).

55-сурет

Жауабы: 1) $(3; +\infty)$; 2) $(2,25; +\infty)$; 3) $(-\infty; 2] \cup [4; +\infty)$; 4) $(1; 7)$.

МЫСАЛ

2. $4^x - 2^{2(x-1)} + 8^{\frac{2(x-2)}{3}} > 52$ теңсіздігін шешейік.

Шешуі. Теңсіздіктің сол жақ бөлігін түрлендіреміз: $2^{2x} - 2^{2x-2} + 2^{2x-4} > 52$. Теңсіздіктің сол жақ бөлігіндегі 2^{2x-4} өрнегін ортақ көбейткіш ретінде жақшаның сыртына шығарып, есептеу жүргізсек, $2^{2x-4}(2^4 - 2^2 + 1) > 52$, $2^{2x-4}(16 - 4 + 1) > 52$ немесе $2^{2x-4} > 4$, $2^{2x-4} > 2^2$. Шыққан теңсіздіктің негіздері бірдей және $2 > 1$, сондықтан $2x - 4 > 2$ немесе $x > 3$.

Жауабы: $(3; +\infty)$.

МЫСАЛ

3. $3^{x+2} + 7^x < 4 \cdot 7^{x-1} + 34 \cdot 3^{x-1}$ теңсіздігін шешейік.

